

"Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 264 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

B. Сагынтаев

Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Аскар Ұзақбайұлы Маминге Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығымен Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілдептік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

H.Назарбаев

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2018 жылғы

№ Жарлығымен

МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

БІР ТАРАПТАН ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ПЕН ОҒАН МУШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР ЖӘНЕ ЕКІНШІ ТАРАПТАН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ КІРІСПЕ

Бір тараптан Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы (бұдан әрі "ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер" деп аталады) мен Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі "ЕАЭО" деп аталады) және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы (бұдан әрі "Қытай" деп аталады)

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Қытай арасындағы ұзақтан бергі достық қарым-қатынастарды және мықты экономикалық және сауда байланыстарын МОЙЫНДАЙ ОТЫРЫП және өздерінің бірлескен әріптестігін нығайтуды қалай отырып;

Тараптар арасындағы өзара сауда байланыстарын дамыту және өзара мұдделілікті білдіретін салаларда экономикалық ынтымақтастықты ілгерілету үшін орта қалыптастыруды және жағдай жасауды ҚАЛАЙ ОТЫРЫП;

Азия-Тынық мұхит өніріндегі және Еуразиядағы экономикалық интеграцияның маңызды екенін, сондай-ақ өнірде берік әрі тұракты сауда байланыстарын құру құралы ретінде Еуразиялық экономикалық одақ пен Жібек жолының экономикалық белдеуін үштастырудың маңызды екенін МОЙЫНДАЙ ОТЫРЫП;

Өздерінің ұлттық саясат мақсаттарына қол жеткізу үшінреттеуді жүзеге асыру құқығын РАСТАЙ ОТЫРЫП және қоғамдық саламаттылықты қамтамасыз ету бойынша өздерінде бар мүмкіндіктерді сақтай отырып;

төмендегілер туралы УАҒДАЛАСТЫ:

1-ТАРАУ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 1.1-бап Жалпы ережелер және анықтамалар

Егер өзгеше көзделмесе, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

(a) "Ауыл шаруашылығы жөніндегі келісім" - ДСҰ келісіміне 1А қосымшадағы Ауыл шаруашылығы жөніндегі келісім;

(b) "Демпингке қарсы шараптар жөніндегі келісім" - ДСҰ келісіміне 1А қосымшадағы 1994 жылғы Тарифтер және сауда жөніндегі бас келісімнің VI бабын қолдану жөніндегі келісім;

(c) "Кедендік құнды бағалау жөніндегі келісім" - ДСҰ келісіміне 1А қосымшадағы 1994 жылғы Тарифтер және сауда жөніндегі бас келісімнің VII бабын қолдану жөніндегі келісім;

(d) "күндер" - демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, күнтізбелік күндер;

(e) "Еуразиялық экономикалық комиссия" - 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – "ЕАЭО туралы шарт" деп аталады) сәйкес құрылған ЕАЭО-ның тұрақты әрекет ететін реттеуші органы;

(f) "ТСБК 1994" - ДСҰ келісіміне 1А қосымшадағы 1994 жылғы Тарифтер және сауда жөніндегі бас келісім және оған түсіндірме ескертулер;

(g) "Тараптар" - бір тараптан Қытай және екінші тараптан ЕАЭО туралы шартқа сәйкес белгіленген өз құзыреті шегінде ЕАЭО және/немесе ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер ;

(h) "Арнайы қорғау шаралары жөніндегі келісім" - ДСҰ келісіміне 1А қосымшадағы Арнайы қорғау шаралары жөніндегі келісім;

(i) "СӨШ келісімі" - ДСҰ келісіміне 1А қосымшадағы Субсидиялар мен өтемақы шаралары жөніндегі келісім;

(j) "СФШ келісімі" - ДСҰ келісіміне 1А қосымшадағы Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі келісім;

(k) "СТК келісімі"- ДСҰ келісіміне 1А қосымшадағы Саудадағы техникалық тосқауылдар жөніндегі келісім;

(l) "ЗМҚСА келісімі" - ДСҰ келісіміне 1С қосымшадағы Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісім;

(m) "ДСҰ келісімі" - 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісімі;

(n) "ДСҰ" - ДСҰ Келісіміне сәйкес құрылған Дүниежүзілік сауда ұйымы.

1.2-бап Келісімнің мақсаты

Осы Келісімнің мақсаты осы Келісімде қамтылған салаларда ынтымақтастықты қамтамасыз ету арқылы Тараптар арасындағы экономикалық қатынастарды одан әрі дамыту үшін негіз жасау және осы Келісімде қамтылған мәселелер бойынша Тараптар арасындағы өзара іс-қимылдарды жеңілдету болып табылады.

1.3-бап Аумақтық қолданылу

Осы Келісім тек қана осы Келісімді орындау мақсаттары үшін Тараптардың әрқайсысының бүкіл кедендейкі аумағында қолданылады.

1.4-бап Басқа келісімдермен арақатынасы

1. Тараптар ДСҰ Келісімі бойынша, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше мемлекет пен Қытай қатысушылары болып табылатын екіжақты келісімдер бойынша бір-біріне қатысты өз құқықтары мен міндеттерін растайды.

2. Осы Келісімнің ережесі мен ДСҰ келісімінің ережесі арасында алшақтық болған жағдайда, осындай алшақтық бөлігінде ДСҰ келісімінің осы ережесі басым күшке ие болады.

3. Осы баптың 2-тармағында айтылған алшақтық болған жағдайда, Тараптар өзара қолайлы шешім жасау мақсатында дереу консультациялар өткізеді.

4. Егер осы Келісімде қамтылған мәселелерге қатысты ЕАЭО-ға мүше мемлекет пен Қытай қатысуышылары болып табылатын қандайда бір екіжақты келісімде осы Келісім бойынша ұсынылатын режимге қарағанда, неғұрлым қолайлы режим ұсынылған жағдайда, мұндай неғұрлым қолайлы режимді ұсыну басым күшке ие болады.

1.5-бап Консультациялар

Осы Келісімге байланысты туындаитын кез келген дауларды Тараптар өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында консультациялар арқылы реттеуге тиіс.

1.6-бап Барынша қолайлыштық режимі

ТСБК 1994-тің I бабы және оған түсіндірме ескертулер, сондай-ақ ДСҰ Келісіміне сәйкес қолданылатын, ТСБК 1994-тің I бабында көзделген режимді ұсыну міндеттемесінен кез келген ерекшелік, алып қою және уақытша босату осы Келісімге енгізіледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

1.7-бап Ұлттық режим

ТСБК 1994-тің III бабы және оған түсіндірме ескертулер, сондай-ақ ДСҰ Келісіміне сәйкес қолданылатын, ТСБК 1994-тің III бабында көзделген режимді ұсыну міндеттемесінен кез келген ерекшелік, алып қою және уақытша босату осы Келісімге енгізіледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

1.8-бап Импортқа және экспортқа байланысты төлемдер, алымдар және формалдылықтар

ТСБК 1994-тің VIII бабы және оған түсіндірме ескертулер, сондай-ақ ДСҰ Келісімі бойынша қолданылатын, ТСБК 1994-тің VIII бабында көзделген режимді ұсыну міндеттемесінен кез келген ерекшелік, алып қою және уақытша босату осы Келісімге енгізіледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

1.9-бап Жалпы ерекшеліктер

Мұндай шаралар бірдей шарттары басым елдер арасында жөнсіз немесе өзін-өзі ақтамайтын кемсітушілік құралына немесе халықаралық сауданың жасырын шектеуіне

айналуы мүмкін болатында етіп қолданылмаған жағдайда, осы Келісімде ешнэрсе Тараптың:

- (a) қоғамдық моральды қорғау үшін қажетті;
- (b) адамның өмірін немесе денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктерді қорғау үшін қажетті;
- (c) алтынды немесе күмісті әкелуге немесе әкетуге қатысты;
- (d) ТСБК 1994 II бабының 4-тармағына және XVII бабына сәйкес қолданылатын кеден заңнамасының монополиялар туралы қағидалардың сақталуын қамтамасыз етуге, патенттерді, тауар белгілерін және авторлық құқықтарды қорғауға және шатастыруға алып келетін практикалардың алдын алуға қатысты ережелерді қоса алғанда, ТСБК 1994 ережелеріне қайши келмейтін зандарға немесе қағидаларға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін қажетті;
- (e) қамақта отыргандар өндірген тауарларға қатысты;
- (f) ұлттық көркем, тарихи немесе археологиялық құндылық қазыналарын қорғау үшін қабылданатын;
- (g) егер мұндай шаралар ішкі өндірісті немесе тұтынуды шектеумен бір мезгілде жүргізілетін болса, сарқылатын табиғи ресурстарды консервациялауға қатысты;
- (h) мұндай шектеулер экспортты ұлғайтуға немесе осы отандық өнеркәсіпті қорғауға жәрдемдеспеген және ТСБК 1994-тің кемсітпеушілікке қатысты ережелерінен ауытқымаған жағдайда; үкімет жүзеге асыратын тұрақтандыру жоспарының бір бөлігі ретінде мұндай материалдардың ішкі бағасы әлемдік бағаға қарағанда анағұрлым төмен деңгейде сақталатын кезеңдер ішінде отандық өндеу өнеркәсібін осындай материалдардың жеткілікті көлемімен қамтамасыз етуге қажетті, отандық материалдардың экспорттын шектеуге байланысты;
- (i) мұндай кез келген шаралар Тараптардың осындай тауарлардың халықаралық берілімдерінде әділ үлес құқығына ие болу қағидатымен үйлескен және ТСБК 1994-тің басқа ережелерімен үйлеспейтін кез келген осындай шаралар өздерін қолдануға себеп болған шарттар жойылған кезде дереу жойылатын жағдайда; тұтастай алғанда немесе нақты өнір үшін тапшы болып табылатын тауарларды сатып алу немесе тарату үшін маңызды шараларды қабылдауына немесе қолдануына кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

1.10-бап Қауіпсіздік түрғысындағы ерекшеліктер

Осы Келісімде ешнэрсе:

- (a) Тарап ашылуы өз қауіпсіздігінің елеулі мүдделеріне қайши келеді деп есептейтін қандай да бір ақпаратты ұсынуды Тараптан талап ету ретінде; немесе
- (b) Тараптың;
- (i) ыдырайтын материалдарға немесе олардан жасалатын материалдарға қатысты;

(ii) қару, оқ-дәрілер және әскери материалдар саудасына, сондай-ақ қарулы құштерді жабдықтау мақсаттары үшін тікелей немесе жанама жүзеге асырылатын басқа да тауарлар мен материалдар саудасына қатысты;

(iii) соғыс уақытында немесе халықаралық қарым-қатынастардағы басқа да төтенше жағдайларда қабылданатын, өз қауіпсіздігінің елеулі мүдделерін қорғау үшін қажетті деп есептейтін әрекеттер қолдануына кедергі ретінде; немесе

(c) Тараптың бүкіл әлемде бейбітшілікті және халықаралық қауіпсіздікті сақтау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін кез келген шаралар қабылдауына кедергі ретінде түсіндірілуге тиіс емес.

1.11-бап Құпия ақпаратты ашу

Осы Келісімде ешнәрсе Тараптан ашылуы құқық қолдануға кедергі келтіретін немесе қоғамдық мүдделерге өзгеше түрде қайши келетін немесе жекелеген мемлекеттік немесе жекеше кәсіпорындардың занды коммерциялық мүдделеріне нұқсан келтіретін құпия ақпаратты беруді талап етпейді.

2-ТАРАУ ТРАНСПАРЕНТТІЛІК 2.1-бап Мақсаты

Осы Тараудың мақсаты осы Келісім реттейтін мәселелерге қатысты жалпы қолданылатын шараларды жариялауға және қолдануға байланысты тиімді тетіктер мен қағидалар жасау болып табылады.

2.2-бап Шараларды жариялау

1. Эрбір Тарап осы Келісім реттейтін барлық мәселелер бойынша өзінің кез келген жалпы қолданылатын шараларының, оған қоса оларға енгізілген өзгерістер туралы ақпараттың, осы Келісім күшіне енгеннен кейін күшіне енетін, өзі қатысушысы болып табылатын тиісті халықаралық шарттардың өз зандарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес уақтылы жариялануын немесе еркін қол жеткізу үшін өзге де жария орналастыруын, оның ішінде электрондық нысанда орналастыруын қамтамасыз етеді. Электрондық нысандағы ақпарат, мүмкіндігіне қарай, осындай шараны қолдануға және оның орындалуын қамтамасыз етуге уәкілетті органды көрсете отырып, уәкілетті органдардың жалпыға бірдей қолжетімді ресми электрондық сайттарында орналастырылуға тиіс. Мүдделі тұлғалардың осындай шаралар туралы ақпаратқа кемсітушіліксіз еркін қол жеткізуі, оның ішінде мүмкіндігіне қарай, тегін веб-сайт арқылы қол жеткізуі қамтамасыз етілуге тиіс.

2. Мүмкіндігіне қарай, әрбір Тарап өзінің зандарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес:

(а) қабылдануы жоспарланатын, осы баптың 1-тармағында көрсетілген кез келген шараны күні бұрын жариялады; және

(б) мұдделі тұлғалардың және басқа Тараптың осындай шаралар бойынша түсіндірулер ұсынуы үшін ақылға қонымды мүмкіндік ұсынады.

3. Қандайда бір Тарап қолданатын және қалыптасқан және біркелкі практика шенберінде баж мөлшерлемесінің немесе басқа импорттық алымның жоғарылауына алып келетін немесе импортқа не ол үшін төлемдерді аударуға жаңа немесе анағұрлым ауыртпалықты талаптарды, шектеулерді немесе тыйымдарды белгілейтін жалпы қолданылатын шараның ешқайсысы осындай шара ресми жарияланғанға дейін қолданылмайды.

2.3-бап Шараларды қолдану

1. Әрбір Тарап осы Келісімді қолдануға қатысы бар өзінің барлық жалпы қолданылатын шараларын біркелкі, бейтарап және ақылға қонымды түрде қолданады.

2. Әрбір Тарап, басқалар арасында, кеден мәселелеріне қатысты әкімшілік әрекеттерді жылдам қайта қарау және түзету мақсаттары үшін сот, төрелік немесе әкімшілік трибуналдарды немесе рәсімдерді мүмкіндігінше сақтайды немесе жылдам құрады. Мұндай трибуналдар немесе рәсімдер өздеріне әкімшілік құқық қолдануды жүзеге асыру жүктелген органдардан тәуелсіз болуға тиіс және олардың шешімдерін осындай органдар орындауға тиіс және осындай органның орталық аппараты, егер мұндай шешім белгіленген құқықтық қағидаттармен немесе нақты мән-жайлармен үйлеспейді деп пайымдауға жеткілікті себептер болса, бұл мәселені басқа іс жүргізу тәртібінде қайта қарау үшін шаралар қабылдай алатын жағдайда, соңғылары, егер импорттаушылардың шағым беруі үшін белгіленген кезең ішінде жоғары тұрған сотқа немесе трибунаға апелляциялық шағым түспесе ғана өз практикасында осы шешімдерді басшылыққа алады.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелері, осы Келісімнің күнінде Тараптың аумағында қолданылған тіпті егер мұндай рәсімдер өздеріне әкімшілік құқық қолдануды жүзеге асыру жүктелген органдарға толық немесе формалды түрде тәуелсіз болмаса да, іс жүзінде әкімшілік әрекеттердің объективті және бейтарап түрде қайта қаралуын қамтамасыз ететін рәсімдердің күшін жоюды немесе ауыстыруды талап етпейді. Мұндай рәсімдерді қолданатын кез келген Тарап сұрау салу бойынша басқа Тарапқа, соңғысы осы рәсімдердің осы тармақтың талаптарына сәйкес келетінін не келмейтінің айқындай алуы үшін осындай рәсімдер туралы толық ақпарат береді.

2.4-бап Шаралар туралы хабарлама және ақпарат ұсыну

1. Эрбір Тарап басқа Тарапты бірінші Тараптың пікірі бойынша осы Келісімнің қолданылуына елеулі түрде ықпал етуі мүмкін шара туралы ақпарат туралы хабардар етуге ұмтылатын болады.

2. Егер Тарап басқа Тараптың осы Келісім реттейтін мәселелерге қатысты жалпы қолданылатын шарасы осы Келісімнің қолданылуына ықпал етуі мүмкін деп есептейтін болса, осындай Тараптың басқа Тараптан осындай шара туралы егжей-тегжейлі ақпарат беруін сұратуға құқығы бар. Сұрау салатын Тарап өзінің сұрау салуында осындай сұрау салудың практикалық себептерін көрсетеді.

3. Осы Келісім Тарапының сұрау салуы бойынша басқа Тарап кез келген қабылданған немесе қабылдануы жоспарланған жалпы қолданылатын шараларға қатысты қажетті ақпаратты және тиісті сұрақтарға жауаптарды уақтылы береді. Осы тармаққа сәйкес сұрау салу бойынша ақпарат сұрау салу алынған күннен бастап 45 күннен аспайтын мерзімде сұрау салуға жауап беретін Тараптың ресми тілінде беріледі.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес сұратылған ақпарат ағылшын тілінде немесе Тараптың ресми тілінде, мәлімет үшін қоса берілетін ағылшын тіліндегі аудармасымен бірге жазбаша түрде беріледі.

5. Бір Тараптың ақпарат беру туралы сұрау салуы және басқа Тараптың тиісті жауабы Тараптардың осы Келісімнің 12.2-бабына сәйкес тағайындалған байланыс пункттері арқылы беріледі.

6. Осы Келісімнің мақсаттары үшін, егер ақпаратты қандай да бір Тарап ДСҰ Келісімі бойынша міндеттемелерге сәйкес берген болса немесе егер тиісті ақпарат ашиқ қолжетімділікте, оның ішінде жауапты органның "Интернет" желісіндегі ресми сайтында орналастырылған болса, ақпарат осы баптың 1 және 3-тармақтарына сәйкес берілді деп есептеледі.

3-ТАРАУ САУДАНЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ 3.1-бап Жалпы ережелер

Тараптар тиісінше ТСБК 1994 VI бабының және XIX бабының ережелеріне, Демпингке қарсы шаралар жөніндегі келісімге, СӨШ келісіміне және Арнайы қорғау шаралары жөніндегі келісімге сәйкес демпингке қарсы шараларды, өтемақы және арнайы қорғау шараларын қолданады.

3.2-бап Заннама туралы ақпарат алмасу

1. Тараптар өз аумақтарында демпингке қарсы шараларды, өтемақы және арнайы қорғау шараларын енгізуіді және қолдануды реттейтін қолданыстағы зандарды мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін бір-біріне береді. Тараптар тиісті зандардағы және өзге де нормативтік құқықтық актілердегі кез келген өзгерістер туралы, мұндай өзгерістер күшіне енген кезден бастап күнтізбелік 60 күннен кешіктірмей бір-біріне хабарлайды.

2. Егер ЕАЭО тарапынан Қытайға тиісті ақпарат берілген болса, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер осы баптың 1-тармағының ережелерін орындаған болып есептеледі.

3.3-бап Хабарламалар

Демпингке қарсы, өтемақы немесе арнайы қорғау тергеп-тексеруін бастау мүмкіндігін қарастыратын Тарап басқа Тарапқа тергеп-тексеру басталғанға дейін 15 күннен кешіктірмей, осындай тергеп-тексеруді бастау туралы өтініш алғаны туралы жазбаша хабарлама беруге ұмтылатын болады.

3.4-бап Ақпарат алмасу

1. Тараптар Тараптардың практиканы өзара түсінуін жақсарту мақсатында, Тараптардың әдіснамалары мен тәжірибесі туралы ақпаратты қоса алғанда, демпингке қарсы шараларды, өтемақы және арнайы қорғау шараларын енгізу және қолдану саласында уақтылы ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

2. Тараптар демпингке қарсы шараларды, өтемақы және арнайы қорғау шараларын енгізу мен қолданудың халықаралық практикасы, сондай-ақ оның өзгерісі туралы тұрақты түрде ақпарат және пікір алмасуды қамтамасыз етеді.

3. Әрбір Тарап осы Тараптауда қамтылған кез келген мәселе жөнінде ақпарат беру туралы басқа Тарапқа жазбаша сұрау салу жолдай алады. Сұрау салуда сұрау салушы Тараптың осындай сұрау салуды жіберу себептері қамтылуға тиіс. Тараптар сұратылған ақпаратты ақылға қонымды, бірақ сұрау салу алынған кезден бастап 30 күннен аспайтын уақыт кезеңі ішінде жазбаша нысанда беруге ұмтылатын болады. Сұратылған ақпаратты беру Тараптардың демпингке қарсы, өтемақы немесе арнайы қорғау тергеп-тексеру бастауына кедергі келтірмеуге және осындай тергеп-тексеруді жүргізуге кедергі келтірмеуге тиіс.

3.5-бап Консультациялар

Тараптар осы Тараптауда қамтылған мәселелер бойынша консультациялар жүргізе алады. Осы мақсатта Тараптардың бірі басқа Тарапқа консультациялар жүргізуге жазбаша сұрау салу береді. Консультациялар мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ осындай жазбаша сұрау салу алынған кезден бастап 30 күннен кешіктірілмей жүргізіледі. Аталған консультациялар Тараптардың демпингке қарсы, өтемақы немесе арнайы қорғау тергеп-тексеруін бастауына кедергі келтірмеуге және осындай тергеп-тексеруді жүргізуге кедергі келтірмеуге тиіс.

3.6-бап Байланыс деректерін алмасу

1. Тараптар Келісім күшіне енген күннен бастап 30 күн ішінде тергеп-тексеру жүргізетін органдардың және Тараптардың осы Тараптаға сәйкес өзара іс-қымыл жасайтын басқа да уәкілетті органдарының атаулары мен байланыс деректері туралы ақпарат алмасады. Тараптар тергеп-тексеру жүргізетін органдарға және басқа да уәкілетті органдарға қатысты кез келген өзгерістер туралы бір-біріне уақтылы хабарлайды.

2. Егер ЕАЭО тарапынан Қытайға тиісті ақпарат берілген болса, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер осы баптың 1-тармағының ережелерін орындаған болып есептеледі.

3.7-бап 2-тараудың қолданылмауы

Осы Тараптың ережелеріне қатысты осы Келісімнің 2-тарауы қолданылмайды.

3.8-бап Субсидияларға қатысты мәселелер

1. Тараптардың бірінің сұрау салуы бойынша басқа Тарап ақылға қонымды мерзімде СӨШ келісімінің 25.3-бабына сәйкес жасалған субсидиялар туралы хабарлама береді. ДСҰ-ға мүше болып табылмайтын Тарап форматы мен мазмұны СӨШ келісімінің 25.3-бабының талаптарына сәйкес келетін субсидиялар туралы хабарлама жібереді.

Тарап басқа Тарап берген немесе беретін субсидияның сипаты мен шамасы туралы ақпаратты жазбаша нысанда сұратуы мүмкін. Сұрау салынатын Тарап мүмкіндігінше қысқа мерзімде және түбегейлі түрде осындай ақпаратты береді және ол сұрау салушы Тарапқа сұрау салуы бойынша қосымша ақпарат беруге дайын болуға тиіс.

2. Егер Тараптың басқа Тарап берген немесе беретін субсидиясы оның отандық экономикасының саласына нұқсан келтіреді, пайданың жойылуына немесе қысқартылуына немесе СӨШ келісімінің түсінігінде мүдделерге айтарлықтай қысым жасалуына алып келеді деп пайымдауына негіздері болса, мұндай Тарап басқа Тараптан консультация сұрата алады.

Консультация жүргізуге сұрау салуда (а) қаралатын субсидияның болуына және сипатына және (б) отандық экономика саласына келтірілген нұқсанға немесе пайданың жойылуына немесе қысқартылуына немесе консультация сұрататын Тараптың мүдделеріне айтарлықтай нұқсан келтіруге қатысты қолда бар дәлелдемелер қамтылуға тиіс.

3. Осы баптың алдыңғы тармақтарында көрсетілген консультациялар, егер Тараптар өзгеше туралы уағдаласпаған болса, сұрау салу алынған күннен бастап 60 күн ішінде жүргізілуге тиіс.

4. Осы бап Ауыл шаруашылығы жөніндегі келісімге I-қосымшада көрсетілген тауарларға қатысты субсидияларға қолданылмайды.

4-ТАРАУ САУДАДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ТОСҚАУЫЛДАР 4.1-бап

Мақсаттары

Осы Тарапудың мақсаттары:

(а) стандарттарды, техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау ресімдерін өзірлеу, қабылдау және қолдану нәтижесінде туындауы мүмкін саудадағы артық тосқауылдарды болдырмау және жою арқылы Тараптар арасындағы тауарлар саудасын оңайлату;

(б) стандарттарды, техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау ресімдерін өзірлеу, қабылдау және қолдану саласында ақпарат алмасуды қоса алғанда, Тараптар арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

(с) Тараптардың әрқайсының стандарттарды, техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау ресімдерін өзара түсінуіне жәрдемдесу;

(д) стандарттау, аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы халықаралық органдардың жұмысында Тараптар арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

(е) осы Тарапудың қолданылу саласы шенберінде Тараптар арасындағы саудада туындайтын мәселелерді тиімді түрде шешу болып табылады.

4.2-бап Анықтамалар

Осы Тарапудың мақсаттары үшін СТК келісіміне 1-қосымшада жазылған анықтамалар қолданылады.

4.3-бап Қолданылу саласы

1. Осы Тарап:

(а) өндіріс мұқтажы және үкіметтік органдардың тұтынуы үшін үкіметтік органдар дайындайтын сатып алу өзіндік ерекшеліктерін; және

б) осы Келісімнің 5-тaraуында айқындалғандай, санитариялық және фитосанитариялық шараларды қоспағанда, Тараптар арасындағы тауарлар саудасына тікелей немесе жанама ықпал етуі мүмкін Тараптардың барлық стандарттарына, техникалық регламенттері мен сәйкестікті бағалау ресімдеріне қолданылады.

2. Әрбір Тарап өзінің аумағы шегіндегі және стандарттарды, техникалық регламенттерді және/немесе сәйкестікті бағалау ресімдерін өзірлеуге, қабылдауға және қолдануға жауапты жергілікті үкіметтік және үкіметтік емес органдардың осы Тарапудың ережелерінің орындалуын қамтамасыз ететіндей, өзіне қолжетімді ақылға қонымды шараларды қабылдайды.

4.4-бап СТК келісімін инкорпорациялау

Егер осы Тарауда өзгеше белгіленбесе, СТТ келісімі Тараптар арасында қолданылады және осы Келісімге инкорпорацияланған және оның ажырамас бөлігін қурайды.

4.5-бап Транспаренттілік

1. Тараптар стандарттарды, техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау рәсімдерін өзірлеуге, қабылдауға және қолдануға қатысты транспаренттіліктің маңыздылығын таниды.

2. Тарап СТТ келісімінің 2.9-бабына және/немесе 5.6-бабына сәйкес хабарлама жіберген жағдайда, мұндай Тарап:

(а) екінші Тарап және оның мүдделі тұлғалары өздерінің түсіндірмелерін бере алуы үшін тым болмағанда 60 күн кезең береді;

(б) жазбаша сұрау салу бойынша екінші Тарапқа ұсынылатын техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау рәсімдерінің мәтінін сұрау салуды алғаннан кейін 12 күн ішінде береді;

(с) екінші Тарап немесе оның мүдделі тұлғалары түсіндірме беруіне арналған кезең ішінде жасалған түсіндірмелерді назарға алады;

(д) сұрау салу бойынша екінші Тарапқа осы тармақтың "с" тармақшасында айтылған түсіндірмелерді қабылдаудан бас тарту себептері туралы ақпарат береді.

3. СТТ келісімінің 2.10-бабына және/немесе 5.7-бабына сәйкес, Тарап хабарлама жіберген жағдайда мұндай Тарап екінші Тараптың жазбаша сұрау салуы бойынша нотификацияланатын техникалық регламенттердің және/немесе сәйкестікті бағалау рәсімдерінің көшірмесін осындаи сұрау салуды алған кезден бастап 5 күн ішінде береді

4. Әрбір Тарап екінші Тарапқа аккредиттелген және/немесе тағайындалған сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ зертханаларының тізбесін, сондай-ақ олардың аккредиттеу/тағайындау саласы туралы ақпаратты береді.

5. Тараптар үшін қауіпсіздікті, денсаулықты, қоршаған ортаны қоргауды немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кезек күттірмейтін проблемалары туындастын немесе туындау көтері бар жағдайларды немесе бұл осындаи техникалық регламенттердің заңды мақсаттарына қол жеткізу үшін тиімсіз болып табылатын жағдайларды қоспағанда, әрбір Тарап, әдетте, техникалық регламенттер жарияланған кезден бастап және олардың күшіне енуіне дейін кемінді 6 айды құрайтын ақылға қонымды кезеңді көздейді.

6. Әрбір Тарап қабылданған техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау рәсімдерінің дереу жариялануын қамтамасыз етеді немесе екінші Тараптың мүдделі тұлғалары олармен таныса алғаннанай етіп оларға қолжетілділік береді.

4.6-бап Үнтымақтастық

1. Эрбір Тарап екінші Тараптың сұрау салуы бойынша стандарттар, техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау ресімдері бойынша үнтымақтастық туралы ұсыныстарды оң қарастырады. Мұндай үнтымақтастық өзара келісілген шарттарға негізделуге тиіс және мынадай қызмет түрлерін:

(а) әрбір Тараптың стандарттарды, техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау ресімдерін өзара түсінуін арттыру мақсатында бірлескен семинарлар өткізуі;

(б) біліктілікті арттыру мақсатында Тараптардың лауазымды адамдарымен алмасуды;

(с) осы Тараудың шенберінде өзара мүдделілікті білдіретін өнімге байланысты нарықты бақылау (қадағалау) қызметі туралы ақпарат алмасуды;

(д) техникалық регламенттердің сапасын арттыру мақсатында ғылыми-техникалық салалардағы үнтымақтастықты;

(е) әрбір Тараптың техникалық регламенттер мен стандарттарды салыстырмалы зерттеулерін;

(f) метрология, сынақтар, инспекциялау мен сертификаттау салаларындағы үнтымақтастық үшін мүмкіндіктерді зерделеуді;

(g) стандарттарды және сәйкестікті бағалау ресімдерін өзірлеуге және қолдануға байланысты тиісті халықаралық органдардың жұмысында өзара мүддені білдіретін салаларда үнтымақтастықты кеңейтуіді;

(h) ДСҰ Саудадағы техникалық тосқауылдар жөніндегі комитетінде (бұдан әрі "ДСҰ СТТ жөніндегі комитеті" деп аталады) және басқа да тиісті халықаралық немесе өнірлік форумдарда үйлестіруді жақсарту мақсатында өзара іс-қимыл мен үнтымақтастықты нығайтуды;

(i) әрбір Тарапта стандарттар, техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау ресімдері үшін жауапты органдардың өзара мүддені білдіретін мәселелер бойынша үнтымақтастығына жәрдемдесуді қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

2. Осы баптың 1-тармағын іске асыру тиісті қаражаттың қолжетімділігіне және Тараптардың тиісті заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне байланысты.

3. Тараптар осы салалардағы үнтымақтастықты кеңейту мақсатында сынақтарды, инспекциялауды, сертификаттауды, аккредиттеу мен метрологияны қоса алғанда, стандарттар, техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау ресімдері туралы ақпарат алмасуға уағдаласты.

4. Тараптар оның негізінде өздерінің стандарттарының, техникалық регламенттері мен сәйкестікті бағалау ресімдерінің біртіндеп жақындасуына, өзгелермен қатар, мынадай:

(а) осы салаларда қабылданған, оның ішінде ДСҰ СТК жөніндегі комитеті шенберінде өзірленген халықаралық құралдарды пайдалануды көтермелейу;

(b) ақталмаған немесе тиімсіз болатын жағдайларды қоспағанда, Тараптардың ұлттық стандарттарын тиісті халықаралық стандарттармен үндестіруді күшету тәсілдерімен қол жеткізілуі мүмкін тетіктерді құруға және қолдауға ұмтылатын болады.

5. Тарап екінші Тараптың сұрау салуы бойынша осы Тараптың қолдану саласы шенбөрінде нақты секторлар немесе тауар топтары бойынша ынтымақтастық туралы ұсыныстарды қарастырады.

6. Тараптар нақты секторлар немесе тауар топтарына арналған стандарттарды, техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау рәсімдерін жақыннатудың негізінде саудадағы артық тосқауылдарды жою жолымен Тараптар арасында тауарлар саудасы рәсімдерін онайлату туралы келісімдер бойынша келіссөздерді бастау мүмкіндігін қарастыра алады.

7. Тараптың мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктінде екінші Тараптан экспортталған тауарларды осы тауарлардың техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) немесе сәйкестікті бағалау рәсімдерінің талаптарына сәйкестігін растайтын қажетті құжаттардың болмауы себебі бойынша немесе осы тауарлардың осындай Тараптың техникалық регламенттің (техникалық регламенттерінің) немесе сәйкестікті бағалау рәсімдерінің талаптарына болжамды сәйкессіздігі себебі бойынша кідірткен жағдайда, импорттаушы немесе импорттаушының өкілі (тасымалдаушы) мұндай кідірту себептері туралы дерек дегенде хабардар етілуге тиіс.

4.7-бап Техникалық консультациялар

1. Тарап, егер оның пікірінше, екінші Тараптың тиісті техникалық регламенті немесе сәйкестікті бағалау рәсімі осындай екінші Тарапқа оның экспорттына қатысты артық кедергі келтірген жағдайда, техникалық консультацияларды сұратады.

2. Өзара қолайлы шешім табу мақсатында сұрау салынатын Тарап сұрау салуды алған кезден бастап 60 күн ішінде техникалық консультацияларға кіріседі. Техникалық консультациялар Тараптар өзара келіскең кез келген тәсілмен жүргізілуі мүмкін.

4.8-бап Ақпарат алмасу

1. Егер осы Тарапта өзгеше көзделмесе, Тарап екінші Тараптың сұрау салуына ақылға қонымыды уақыт кезеңі ішінде жауап береді, бұл әдетте, 60 күннен аспауға тиіс.

2. Тараптар осы Тарапта қамтылған мәселелер бойынша ақпарат алмасуды мейілінше мүмкін болатын дәрежеде ағылшын тілінде жүзеге асыруға тырысатын болады.

4.9-бап Байланыс пункттері

1. Тараптар осы Тараптың қолдану мәселелері бойынша үйлестіруге жауапты байланыс пунктін немесе байланыс пункттерін белгілейді.

Мұндай байланыс пункттерінің функциясы:

(а) осы Келісімнің 4.5-бабына сәйкес Тараптар арасындағы ынтымақтастықты;

(б) осы Тараптың қолданылу саласы шенберінде ақпарат алмасуды;

(с) осы Тараптың қолданылу саласы шенберінде ынтымақтастық туралы сұрау салуларды жіберу мен алушы және тиісті жауаптар беруді;

(д) осы Тараптың 4.7-бабына сәйкес консультациялар туралы сұрау салуларды жіберу мен алушы және тиісті жауаптар беруді қамтиды.

2. Әрбір Тарап екінші Тарапқа байланыс тұлғасының (байланыс тұлғаларының) аты-жөні (аты-жөндері), телефон нөмір(лер)i, факс нөмір(лер)i және электрондық поштасының мекенжай(лар)ы сияқты байланыс деректерін қоса алғанда, белгіленген байланыс пункті немесе байланыс пункттері туралы ақпарат береді.

3. Әрбір Тарап екінші Тарапты оның байланыс пунктіне (байланыс пункттеріне) байланысты кез келген өзгеріс туралы, сондай-ақ тиісті байланыс тұлғасы (байланыс тұлғалары) деректерінің кез келген өзгерісі туралы уақтылы хабардар етеді.

5-ТАРАУ САНИТАРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ШАРАЛАР 5.1 -бап Мақсаттары

Осы Тараптың мақсаттары:

(а) Тараптардың аумақтарында, бұл ретте, адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктерді қорғай отырып және Тараптардың халықаралық міндеттемелеріне сәйкес келетін санитариялық және фитосанитариялық шараларды енгізу және қолдану құқығын тани отырып, Тараптардың саудасына санитариялық және фитосанитариялық шаралардың теріс ықпалын барынша азайту мақсатында өзара іс-қимылды нығайту;

б) Тараптардың санитариялық және фитосанитариялық шаралар саласындағы реттеу жүйелерін өзара түсінуді жақсарту;

с) Тараптардың санитариялық және фитосанитариялық шаралары мен реттеу жүйелерінің транспаренттілігін арттыру; және

д) Санитариялық және фитосанитариялық шаралар саласында Тараптардың құзыретті органдары арасындағы ынтымақтастықты қүшету болып табылады.

5.2-бап Қолданылу саласы

Осы Тараптар арасындағы тауарлар саудасына тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін Тараптардың барлық санитариялық және фитосанитариялық шараларына қолданылады.

5.3-бап Анықтамалар

Осы Тараудың мақсаттары үшін СФШ келісіміне А қосымшада жазылған анықтамалар қолданылады.

5.4-бап СФШ келісімін инкорпорациялау

Егер осы Тарауда өзгеше белгіленбесе, СФШ келісімі Тараптар арасында қолданылады және осы Келісімге инкорпорацияланған және оның ажырамас бөлігін құрайды.

5.5-бап Ақпарат алмасу және транспаренттілік

1. Тараптар, өзгелермен қатар, өздерінің тиісті санитариялық және фитосанитариялық шаралары туралы уақтылы ақпарат алмасу арқылы санитариялық және фитосанитариялық шараларды әзірлеу және қолдану кезінде транспаренттілікті қамтамасыз етудің маңыздылығын таниды.

2. Тарап СФШ келісіміне В қосымшаның 5 (b)-тармағына немесе 6 (a)-тармағына сәйкес хабарлама жолдаған жағдайда, сұрау салу бойынша мұндай Тарап сұрау салу жіберген Тарапқа әзірленіп жатқан шаралардың көшірмелерін береді.

3. Эрбір Тарап денсаулықты қорғауға байланысты кезек күттірмейтін проблемалар туындаған немесе туындау қатері бар жағдайларды қоспағанда, екінші Тарап әзірленіп жатқан санитариялық және фитосанитариялық шараларға түсініктемелер бере алуы үшін тым болмағанда 60 күн кезең береді.

4. Эрбір Тарап екінші Тараптың түсіндірмелерін назарға алады және сұрау салу бойынша оларға жауаптар беруге тырысады.

5. Тараптың мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктінде екінші Тараптан экспортталған тауарлар санитариялық немесе фитосанитариялық талаптарды анықталған бұзушылыққа байланысты кідіртілген жағдайда, импорттаушыға немесе импорттаушының өкіліне (тасымалдаушыға) кідірту себептері жазбаша нысанда ұсынылуға тиіс.

6. Эрбір Тарап екінші Тараптан жазбаша сұрау салу алған кезде Тараптардың өзара саудасында туындаған немесе туындауы мүмкін санитариялық және фитосанитариялық шараларға байланысты кез келген мәселеге қатысты ақпараты уақтылы беруге тырысатын болады.

7. Тараптар ағылшын тілінде ақпарат алмасуға тырысады. 5.6-бап Бінтымақтастық

1. Тараптар осы Тарапуды іске асыруға жәрдемдесу және тиісті жүйелерді өзара түсінуді жақсарту мақсатында ынтымақтасуға уағдаласты. Мұндай ынтымақтастық өзара келісілген шарттар мен ережелерге негізделуге тиіс және мынадай қызмет түрлерін:

(а) осы Тарапуды қолдану саласы шегінде санитариялық және фитосанитариялық шараларға қатысты ақпарат алмасуды;

(б) тиісті халықаралық ұйымдар, оның ішінде Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенция, "Алиментариус кодексі" комиссиясы мен Жануарлардың саулығын қорғау жөніндегі дүниежүзілік ұйым шеңберінде Тараптардың тамақ өнімдерінің адам өмірі мен денсаулығының, жануарлардың немесе өсімдіктердің қауіпсіздігі мәселелерімен айналысатын құзыретті органдары арасындағы ынтымақтастықты, коммуникация мен үйлестіруді күшейтуді;

(с) тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жануарлар аурулары мен зиянкестердің таралуын болғызбау үшін Тараптар қолданатын шараларды өзара түсінуді тереңдету мақсатында құзыретті органдар арасында тәжірибе алмасу үшін оқыту бағдарламаларын әзірлеуді;

(д) Тараптар аумағында аурулардан немесе зиянкестерден бос аймақтарды және аурулардың немесе зиянкестердің таралуы болмашы аймақтарды тануды қоса алғанда, өнірлік жағдайларға бейімделуге қатысты мәселелер бойынша ынтымақтастықты;

(е) өзгелермен қатар, зертханалық зерттеулер технологияларына, аурулар мен зиянкестерді бақылау әдістеріне және тәуекелдерге талдау жүргізу әдіснамасына қатысты тәжірибе алмасуды қолдауды; және

(ф) ДСҰ келісіміне сәйкес арнайы тағайындалған Тараптардың санитариялық және фитосанитариялық шаралар мәселелері жөніндегі ақпараттық орталықтары арасындағы өзара іс-қимыл жасауды және ақпарат алмасуды кеңейтуді қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

2. Тараптар санитариялық және фитосанитариялық шараларды әзірлеу және қолдану мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған қосымша уағдаластықтарға қол жеткізуі мүмкін.

5.7-бап Техникалық консультациялар

1. Тарап, егер оның пікірінше, екінші Тараптың санитариялық немесе фитосанитариялық шарасы екінші Тарапқа оның экспортына қатысты жасырын шектеулер қойған жағдайда, техникалық консультациялар сұратуы мүмкін.

2. Өзара қолайлы шешім табу мақсатында сұрау салынатын Тарап сұрау салуды алған кезден бастап 60 күннен аспайтын кезең ішінде техникалық консультацияларға кіріседі. Техникалық консультациялар Тараптар өзара келісken кез келген тәсілмен жүргізілуі мүмкін.

5.8-бап Байланыс пункттері

1. Эрбір Тарап осы Тараптың атынан осы Тарауды қолдану мәселелері бойынша үйлестіруге жауапты байланыс пунктін немесе байланыс пункттерін белгілейді.

Мұндай байланыс пункттерінің функциялары:

(а) осы Тараудың 5.5-бабына сәйкес ынтымақтастықты;

(б) осы Тараудың 5.7-бабына сәйкес консультациялар туралы сұрау салуларды алушды және жіберуді;

(с) осы Тарау шенберінде ынтымақтасты жүзеге асыруға сұрау салулар алу мен жіберуді және тиісті жауаптар берудіңамтиды.

2. Эрбір Тарап екінші Тарапқа байланыс тұлғасының (байланыс тұлғаларының) аты-жөні (аты-жөндері), телефон нөмір(лер)i, факс нөмір(лер)i және электрондық поштасының мекенжай(лар)ы сияқты байланыс деректерін қоса алғанда, белгіленген байланыс пункті немесе байланыс пункттері туралы ақпарат береді.

3. Эрбір Тарап екінші Тарапты өздерінің байланыс пункттеріндегі кез келген өзгеріс немесе тиісті байланыс тұлғасының (байланыс тұлғаларының) байланыс деректерінің кез келген өзгерісі туралы уақтылы хабардар етеді.

6-ТАРАУ КЕДЕНДІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ САУДА РӘСІМДЕРІН ОҢАЙЛАТУ 6.1-бап Анықтамалар

Осы Тараудың мақсаттары үшін:

(а) “кеден заңнамасы” – Кедендік рәсімдерді оңайлату мен үйлестіру туралы халықаралық конвенция (қайта қаралған Киото Конвенциясы) ұғымындағы кеден заңнамасы.

(б) “көлік құралдары” – Тараптың аумағына келетін немесе одан кететін және адамдарды және/немесе тауарларды тасымалдауды жүзеге асыратын теміржол көлігі құралдарын, әуе кемелерін қоса алғанда, кемелердің әртүрлі типтері, жерүсті көлік құралдары.

(с) “кедендік аумақта қайта өндеу” – кедендік рәсім, оған сәйкес белгілі бір тауарлар кедендік әкелу баждарын және салықтарды төлеуден шартты түрде толық немесе ішінара босатыла отырып, Тараптың кедендік аумағына әкелінуі мүмкін осындай тауарлар өндіруге, қайта өндеуге немесе жөндеуге және кейіннен әкетуге арналғаны негізінде не осындай тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарының төленген сомаларын қайтару жүргізуі мүмкін болады.

(д) “алдын ала шешім” – өтініште көрсетілген тауарды әкелгенге дейін Тарап өтініш берушіге берген жазбаша шешім, онда тауарды тарифтік сыныптауға және тауардың шығарылған жеріне қатысты тауарды әкелу кезінде осындай Тарап тауарға ұсынатын режим сипатталады.

6.2-бап Қолданылу саласы және мақсаттары

1. Осы Тарау Тараптар арасындағы тауарлардың саудасына және онымен байланысты Тараптар арасында көлік құралдарын өткізуге қатысты кедендік операциялар мен басқа да кедендік реттеу мәселелеріне қолданылады.

2. Осы Тараптың мақсаттары:

Тараптардың кедендік операцияларын оңайлату;

(b) Тараптар арасындағы сауда рәсімдерін оңайлату, оның ішінде тауарларды транспекаралық өткізуді жеделдететіндегі және Тараптардың сыртқы сауда қызметіне қатысушылар көтеретін, осыған байланысты шығасыларды төмендетуге болатындей етіп, тауарларды шығаруды жеделдешу мен кедендік тазарту арқылы оңайлату;

(c) Тараптардың кедендік операцияларының транспаренттілігі мен болжамдылығын арттыру; және

(d) осы Тараптың қолдану саласы шеңберінде кедендік ынтымақтастыққа жәрдемдесу болып табылады.

6.3-бап Оңайлату

1. Әрбір Тарап анағұрлым болжамды, дәйекті және транспарентті кедендік реттеуді қамтамасыз ету мақсатында осы Тарапта қамтылатын мәселелерге қатысты өздерінің зандары мен жалпы қолданылатын өзге де актілерін бірізді, бейтарап және ақылға қонымды қолданады.

2. Тараптар өздерінің арасындағы саудада шығасылар мен негізсіз кідіртулерді төмендету мақсатында, мүмкін болған кездерде, халықаралық стандарттарға, атап айтқанда, Дүниежүзілік кеден ұйымының стандарттары мен ұсынылатын практикаларына негізделген тиімді кедендік рәсімдерді пайдаланады.

3. Тараптар өздерінің кедендік операцияларын Тараптар арасындағы сауданы оңайлату мақсатында оларды оңайлату тұрғысынан қайта қарауды кезең-кезеңімен жүргізуге тырысатын болады.

4. Тараптар арасындағы тауарлар саудасында Тараптар кедендік бақылау шараларын, формальдылықты және талап етілетін құжаттар санын тек қана қажетті және зандық тұрғыдан маңызды талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге арналған құжаттармен шектеуге ұмтылатын болады, осылайша тиісті рәсімдерді барынша мүмкін дәрежеде оңайлатады.

5. Тараптар өздерінің арасында келісілген шарттардың негізінде, тауарлар мен көлік құралдарының транзитін бақылау мақсатында қолданылатын сәйкестендіру құралдарын және Тараптар талап ететін құжаттарды өзара тани алады.

6.4-бап Кедендік құнды айқындау

Тараптар Кедендей құнды бағалау туралы келісімді қоса алғанда, ДСҰ келісімінің тиісті ережелеріне сәйкес Тараптар арасында саудасы жүзеге асырылатын тауарлардың кедендей құнын айқындайды.

6.5-бап Тауарларды сыйыптау

Тараптар арасында жүзеге асырылатын саудадағы тауарларға қатысты Тараптар 1986 жылғы 24 маусымдағы Тауарларды сипаттау мен оларға код белгілеуді үйлестірілген жүйесі туралы халықаралық конвенцияда қамтылған Үйлестірілген жүйенің (бұдан әрі - "Үйлестірілген жүйе" деп аталады) соңғы редакциясына негізделген тауар номенклатураларын қолданады.

6.6-бап Тәуекелдерді басқару

1. Эрбір Тарап кедендей бақылау мақсаттары үшін тәуекелдерді басқару жүйесін құрады немесе оны қүшінде сақтайды.

2. Эрбір Тарап тәуекелдерді басқару жүйесін халықаралық саудада ерікті немесе негіzsіз кемсітушілікке немесе жасырын шектеулерге жол бермейтіндей етіп қалыптастырады және қолданады.

3. Эрбір Тарап кедендей бақылауды және мүмкін болатын дәрежеде шекара дағы басқа да тиісті бақылау түрлерін тәуекел деңгейі жоғары жүктөрге шоғырландырады және тәуекел деңгейі төмен жүктөрді шығаруды жеделдетеді. Тарап өзінің тәуекелдерді басқару жүйесінің бір бөлігі ретінде осындай бақылау түрлерінен өткізу үшін партияларды көздейсоқ тәртіппен таңдай алады.

4. Эрбір Тарап тәуекелдерді басқару жүйесін тиісті іріктеу өлшемшарттары бойынша тәуекелдерді бағалауға негіздейді. Мұндай іріктеу өлшемшарттары, өзгелермен қатар, үндестірілген жүйенің кодын, тауарлардың сипаты мен сипаттамасын, олардың шығарылған елін, тауарлар тиеп жіберілген елді, тауарлардың құнын, сауданы жүзеге асыратын адамдардың заңнама талаптарын сақтауы туралы ақпаратты, сондай-ақ көлік құралының типін қамтуы мүмкін.

5. Осы баптың мақсаттары үшін Тараптар кеден органдарына өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала ақпаратты ұсынуға жәрдемдесуге тырысады.

6.7-бап Тауарларды уақытша әкелу және кедендей аумакта қайта өндеу

1. Эрбір Тарап өзінің кеден заңнамасына сәйкес, егер тауарлар кедендей аумакқа ерекше мақсаттар үшін әкелінсе, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде кері экспорттауға арналса және пайдалану салдарынан олардың табиғи тозуы мен кемуін қоспағанда,

ешқандай өзгеріске ұшырамаған болса, өзінің кедендейк аумағына мұндай тауарларды кедендейк әкелу баждары мен салықтарды төлеуден шартты түрде толық немесе ішінара босата отырып әкелуге рұқсат береді.

2. Әрбір Тарап өзінің кеден занамасына сәйкес тауарларды кедендейк аумақта қайта өндеуге рұқсат береді.

6.8-бап Тез бүлінетін тауарлар

1. Тараптар әкелу Тарапының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптары орындалған жағдайда, тез бүлінетін тауарларға қатысты жеделдетілген кедендейк тазалауды қамтамасыз етуге тырысады.

2. Тез бүлінетін тауарларға жол бермеуге болатын залалдың келуін немесе олардың бүлінуін болғызыбау мақсатында және занаманың барлық талабы сақталған жағдайда, әрбір Тарап тез бүлінетін тауарлардың:

(а) қалыпты мән-жайларда қысқа мерзімде; және

(б) егер мүмкін болса, ерекше жағдайларда, кеден және басқа да тиісті органдардың жұмыстан тыс уақытында шығарылуын қамтамасыз етеді.

3. Әрбір Тарап кезкелген қажетті тексерулердің кезектілігін айқындау кезінде тез бүлінетін тауарларға тиісті басымдық береді.

6.9-бап Тауарларды шығару

1. Тараптар арасындағы сауданы оңайлату мақсаттары үшін әрбір Тарап тауарларды негізсіз кідіртусіз тиімді шығаруды қөздейтін оңайлатылған кедендейк рәсімдерді қабылдайды немесе сақтайды. Нақтылау мақсаттары үшін осы тармақ, егер Тараптың тауарларды шығару жөніндегі талаптары сақталмаған болса, мұндай Тараптан тауарларды шығаруды жүзеге асыруды талап етпейді.

2. Әрбір Тарап осы баптың 1-тармағына сәйкес:

(а) өзге де занаманың барлық талаптары сақталған жағдайда, тауарларды келгеннен кейін қысқа мерзімде шығаруды қамтамасыз ететін;

(б) тауарлардың шығарылуын жеделдету мақсатында ақпаратты электрондық түрде алдын ала беруді және оны тауарлар нақты келіп жеткенге дейін өндеуді мүмкін болатын дәрежеде қамтамасыз ететін; сондай-ақ

(с) импорттаушы жеткілікті және пәрменді кепілдікті ұсынған, сондай-ақ қосымша тексерулер, физикалық жете тексеру немесе қандай да бір басқа тауарларды ұсыну талап етілмейтіндігі туралы шешім қабылданған жағдайда, импорттаушыларға осы Тараптың әкелуге қатысты барлық талабын орындағанға дейін тауарларды шығаруды жүзеге асыруға рұқсат беретін рәсімдерді жасайды немесе сақтайды.

3. Эрбір Тарап өзінің кедендік заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті мерзімнен аспайтын уақыт кезеңі ішінде тауарлардың шығарылуын қамтамасыз етеді.

6.10-бап Кедендік ынтымақтастық

1. Тараптардың кеден органдары Тараптардың зандарында және өзге нормативтік құқықтық актілерінде жол берілетін дәрежеде осы Тараудың қолданылуына байланысты мәселелер бойынша тәжірибе алмасуға ұмтылады.

2. Осы Тарауда қамтылатын бөліктегі кедендік ынтымақтастықты дамыту мақсатында және ЕАЭО-га мүше мемлекеттер мен Қытайдың кеден мәселелері жөніндегі қолданыстағы екіжақты келісімдерін назарға ала отырып, Тараптар өзара қомекке сұрау салу рәсімдері бойынша уағдаластықты әзірлеуді жүзеге асыра алады.

6.11-бап Ілеспе құжаттарға қойылатын талаптар

1. Эрбір Тарап тауарлар импорты кезінде талап етілетін ілеспе құжаттардың электрондық көшірмелерін қабылдауға ұмтылады.

2. Импорттаушы Тарап экспорттаушы Тараптың кеден органдарына тауарларды шығару үшін міндетті шарт ретінде берілген экспорттық декларацияның түпнұсқасын немесе көшірмелерін беруді талап етпейді.

6.12-бап Сертификат беретін органдардың деректері туралы хабарлама

Әрбір Тарап екінші Тарапқа Қытай Халық Республикасының Бас кедендік басқармасы және тиісінше Еуразиялық экономикалық комиссия арқылы Тараптардың тауардың шығарылған жері туралы преференциалды емес сертификаттарды беруге үәкілетті органдарының атаулары мен мекенжайлары туралы, сондай-ақ Тараптардың тауардың шығарылған жері туралы преференциалды емес сертификаттарын верификациялайтын органдарының атаулары мен мекенжайлары туралы мәліметтерді береді. Тараптар мұндай мәліметтер өзгерілген жағдайда, мұндай өзгерістер туралы мүмкіндігінше қысқа мерзімде бір-біріне хабардар етеді.

6.13-бап Кедендік брокерлер

1. Тараптар кедендік брокерлерге қатысты зандардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің транспаренттілігін қамтамасыз етеді.

2. Тараптар тауарларды кедендік декларациялау кезінде кедендік брокерлер көрсететін қызметтерді міндетті пайдалануды талап етпейді.

6.14-бап Ақпараттық технологияларды қолдану

1. Эрбір Тарап кедендік операциялар жасау үшін Дүниежүзілік кеден ұйымын қоса алғанда, осы саладағы тиісті халықаралық ұйымдардың әзірлемелерін назарға ала отырып, атап айтқанда қағазсыз технологияларды қолдану арқылы бұл экономикалық негізделген және Тараптар үшін де және сауда үшін де пайдалы болғанда, ақпараттық технологияларды қолданады.

2. Тараптардың кеден органдары декларанттарға тауарларды электрондық түрде декларациялауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

6.15-бап Бір терезе

1. Тараптар өздерінің халықаралық міндеттемелеріне сәйкес сауда ресімдерін оңайлату және кедендік технологиялар мен тәжірибелерді жаңғырту бойынша халықаралық стандарттар мен озық тәжірибелерге сәйкес "бір терезе" ұлттық тетіктерін әзірлеуге және енгізуге ұмтылады.

2. Тараптар "бір терезе" ұлттық тетіктері арасындағы функционалдық үйлесімділікті қамтамасыз етуге ұмтылады, бұл сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру үшін қажетті электрондық құжаттар мен мәліметтерді, және шекараны кешенді басқару шеңберінде кедендік бақылау нәтижелерін өзара тану үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді. Осы мақсаттар үшін Тараптар "бір терезе" ұлттық тетіктері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ұйымдастыруышылық-құқықтық және техникалық базаны қалыптастыруға ұмтылады.

3. "Бір терезе" ұлттық тетіктері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл ЕАЭО Интеграцияланған Ақпараттық Жүйесінің қолданыстағы техникалық инфрақұрылымын және Кытай Халық Республикасының Орталық электрондық порты платформасының инфрақұрылымын пайдалануға негізделуге тиіс.

6.16-бап Шекарадағы бірлесіп басқару

Тараптар сауда ресімдерін оңайлату мақсатында тауарларды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қатысты шекарадағы бақылауға және ресімдерге жауап беретін олардың органдары мен мекемелерінің бір-бірімен ынтымақтасуын және өз қызметін үйлестіруін қамтамасыз етеді.

6.17-бап Уәкілетті экономикалық операторларды өзара тану

Әрбір Тарап уәкілетті экономикалық оператор (УЭО) бойынша бағдарламаны құруға ұмтылады және УЭО-ны өзара тану туралы келіссөздерді бастай алады.

6.18-бап Кедендік инфрақұрылымды дамыту

Тараптар тиісті өткізу пункттерінің жұмыс жүктемесін ескере отырып, шектес өткізу пункттерінде пайдаланылатын кедендік бақылаудың техникалық құралдарын, инжинирингті, ақпараттық технологияларды, телекоммуникациялық жүйелерді және қосалқы жабдықты қамтитын кедендік инфрақұрылымды одан әрі дамытуға және жаңғыртуға бағытталған бірлесіп жұмыс жасауға үмтүлады.

6.19-бап Алдын ала шешімдер

Әрбір Тарап ақылға қонымды, шектеулі мерзімде барлық қажетті ақпаратты қамтитын жазбаша сұрау салған өтініш берушіге алдын ала шешімді береді.

Егер Тарап алдын ала шешімді беруден бас тартса, ол мұндай шешімді қабылдауға тиісті фактілер мен негізdemелерді баяндай отырып, өтініш берушіні бұл туралы жазбаша нысанда деру хабардар етеді.

2. Тарап, егер өтініште көрсетілген мәселе:

а) кезкелген үкіметтік ведомства, аппеляциялық органды немесе сотта өтініш берушіге қатысты қаралып жатса; немесе

б) кезкелген аппеляциялық орган немесе сот бұрын қараған болса, өтініш берушіге алдын ала шешімді беруден бас тартуы мүмкін.

3. Алдын ала шешім берілгеннен кейін оған байланысты зандар, фактілер немесе мән-жайлар өзгермесе, ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде жарамды болуға тиіс.

4. Егер Тарап алдын ала шешімді кері қайтарса, өзгертсе немесе жарамсыз деп таныса, ол осында шешімді қабылдау үшін тиісті фактілерді және негізмені баяндай отырып, өтініш берушіні жазбаша нысанда хабардар етеді. Тарап, егер алдын ала шешімді ретроактивті түрде кері қайтарса, өзгертсе немесе жарамсыз деп таныса, оны, егер алдын ала шешім толық емес, дұрыс емес, анық емес немесе ақпаратта жаңылыстыруға алып келетін жағдайда ғана жасай алады.

5. Тарап берген алдын ала шешім оған осында шешім үшін жүгінген өтініш берушіге қатысты осы Тарап үшін міндетті болуға тиіс. Тарап өтініш беруші үшін алдын ала шешімнің міндеттілігін көздеуі мүмкін.

6. Әрбір Тарап, кемінде:

(а) алдын ала шешімге арналған өтінішке қойылатын талаптарды, оның ішінде ұсынылуы тиіс ақпаратты және оның форматын;

(б) алдын ала шешім шығарылатын уақыт кезеңін; сондай-ақ

(с) алдын ала шешім жарамды болып табылатын уақыт кезеңін жариялайды.

7. Әрбір Тарап өтініш берушінің жазбаша сұрау салуы бойынша алдын ала шешімді немесе алдын ала шешімді кері қайтару, өзгерту немесе жарамсыз деп тану туралы шешімді қайта қарауды жүзеге асырады.

8. Әрбір Тарап коммерциялық құпия ақпаратты қорғау қажеттілігін назарға ала отырып, оның пікірі бойынша, басқа мүдделі тұлғалар үшін елеулі қызығушылық

тудыратын алдын ала шешімдер жөніндегі кез келген ақпаратты қөпшілікке қолжетімді етуге ұмтылады.

6.20-бап Ақпарат алмасу

Кедендей бақылауды жеделдету және тиімділігін арттыру, сондай-ақ заңды сауда ресімдерін оңайлату мақсатында Тараптар ЕАЭО мен Қытайдың кедендей шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы электрондық ақпарат алмасу жөніндегі келісім (бұдан әрі "Электрондық ақпарат алмасу жөніндегі келісім" деп аталады) жасау мүмкіндігін қарай алады.

2. Тараптар мүмкіндігінше қысқа мерзімде кейіннен Электрондық ақпарат алмасу жөніндегі келісімді жасай отырып, алмасу үшін деректер элементтері бойынша консенсусқа қол жеткізуге ұмтылатын болады.

3. ЕАЭО тарапынан Еуразиялық экономикалық комиссия ақпарат алмасуды белгілеу және оған жәрдемдесу мәселелері бойынша үйлестіруге жауап береді.

6.21-бап Ақпарат орталықтары

1. Әрбір Тарап мүдделі тұлғалардан кедендей реттеу мәселелері бойынша сұрау салуларды алу мақсатында бір немесе бірнеше ақпарат орталықтарын белгілейді, сондай-ақ тиісті сұрау салуларды жолдау ресімдеріне қатысты ақпараттың Интернет желісінде қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

2. Тараптар белгіленген ақпарат орталықтары туралы бір-біріне ақпарат жолдайды.

6.22-бап Қайта қарау және шағымдану

Әрбір Тарап өз заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әкімшілік шешіммен қозғалған кедендей мәселе бойынша импорттаушы, экспорттаушы немесе кез келген басқа тұлға үшін:

(а) тиісті шешім қабылдаған лауазымды тұлғага немесе ведомствоға қатысты жоғары тұрған немесе тәуелсіз кеден органының шешімдерді әкімшілік қайта қарауына ; және

(б) оның заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес шешімдердің сотта қайта қаралуына қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

6.23-бап Консультациялар

1. Әрбір Тарап сұратып отырған Тарап берген фактілер немесе ақылға қонымыды негіздер болған жағдайларда, осы Тараптың қолдануға байланысты туындастын кез келген мәселе бойынша басқа Тараптан кез келген уақытта консультация сұратын алады.

2. Консультациялар осы Келісімнің 12.2-бабына сәйкес құрылатын тиісті байланыс пункттері арқылы, сұрау салуды алған сәттен бастап 60 күн ішінде немесе Тараптардың өзара келісу бойынша белгілеген кезкелген басқа уақыт кезеңі ішінде жүргізіледі.

3. Егер қаралып отырған мәселе мұндай консультациялар арқылы шешілмейтін жағдайда, сұрау салушы Тарап бұл мәселені Келісімнің осы Тарауының 6.24-бабында аталған Кіші комитетке қарауға жіберуі мүмкін.

6.24-бап Кедендейк ынтымақтастық және сауда рәсімдерін оңайлату жөніндегі кіші комитет

1. Осы Тарауды тиімді іске асыру мақсатында Бірлескен комиссия шеңберінде Кедендейк ынтымақтастық және сауда рәсімдерін оңайлату жөніндегі кіші комитет (бұдан әрі – "КЫСРО жөніндегі кіші комитет") құрылады.

2. КЫСРО жөніндегі кіші комитет мынадай функцияларды орындаиды:

(а) осы Тараудың тиісті іске асырылуын және оны қолдануға байланысты туындаитын барлық мәселелерді шешуді қамтамасыз етеді;

(б) Тараптар арасындағы сауданы оңайлату мақсаттары үшін жетілдірілуі мүмкін осы Тарауға қатысты салаларды айқындау мақсатында осы Тараудың іске асырылуын мониторингтеуді жүзеге асырады;

(с) Тараптар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсаттары үшін әрбір Тараптың кедендейк реттеуін стратегиялық дамыту мәселелері бойынша ақпарат алмасуды жүзеге асырады; сондай-ақ

(д) ұсынымдар дайындауды жүзеге асырады және Бірлескен комиссия алдында есеп береді.

3. КЫСРО жөніндегі кіші комитет Тараптардың кеден органдары мен тиісті органдарының өкілдерінен тұрады. КЫСРО жөніндегі кіші комитет Тараптардың өзара келісуі бойынша талқылауға қатысу үшін тиісті сарапшыларды шақыра алады.

4. КЫСРО жөніндегі кіші комитеттің отырыстарын өткізу уақыты мен орны Тараптардың келісімі бойынша айқындалады.

7-ТАРАУ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК 7.1-бап Мақсаттар

Тараптар экономикалық және әлеуметтік дамуға жәрдемдесуге, сондай-ақ білім мен технологиялардың таралуына бағытталған ғылыми зерттеулерді, әзірлемелер мен шығармашылық қызметті ынталандыру мақсатында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды құзету мен қорғаудың маңыздылығын таниды. Тараптар сонымен бірге құқық иеленушілер мен жалпы қоғамның заңды мүдделері арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету қажеттілігін таниды.

7.2-бап Анықтамалар

Осы Тараудың мақсаттары үшін:

- (а) "зияткерлік меншік" – осы Келісімнің 7.1-бабына дейінгі баптарда аталған зияткерлік меншік объектілерінің барлық тұрларі;
- (б) "тұлғалар" – Тараптардың кедендей аумағы шегінде тұрғылықты жері бар немесе нақты және жұмыс істеп тұрган өнеркәсіптік немесе сауда кәсіпорны бар жеке немесе заңды тұлғалар;
- (с) "ДЗМҰ" – 1967 жылғы 14 шілдедегі Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымын құру туралы конвенцияға сәйкес құрылған Дүниежүзілік Зияткерлік Меншік Ұйымы.

7.3-бап Халықаралық келісімдер

1. ЗМҚСА Келісімінің қатысуышылары болып табылатын Тараптар ЗМҚСА келісімінде белгіленген өз міндеттерін растайды. ЗМҚСА келісімінің қатысуышылары болып табылмайтын Тараптар ЗМҚСА келісімінің қағидаттарын ұстанады. Тараптар:

- (а) 1967 жылғы Стокгольм актісі редакциясындағы 1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясын (бұдан әрі "Париж конвенциясы" деп аталады);
- (б) 1971 жылғы Париж актісі редакциясындағы 1886 жылғы 9 қыркүйектегі Әдеби және көркем шығармаларды қорғау туралы Берн конвенциясын (бұдан әрі "Берн Конвенциясы" деп аталады);
- (с) 1971 жылғы 29 қазандағы Фонограмма жасаушылардың мұдделерін олардың фонограммаларының қайта заңсыз шығарылуынан қорғау туралы конвенцияны;
- (д) 1996 жылғы 20 желтоқсандағы ДЗМҰ-ның авторлық құқық жөніндегі шартын (бұдан әрі "АҚШ" деп аталады);
- (е) 1996 жылғы 20 желтоқсандағы ДЗМҰ-ның орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартын (бұдан әрі "ОФШ" деп аталады);
- (ф) 1891 жылғы 14 сәуірдегі Белгілерді халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімін және 1989 жылғы 28 маусымдағы Белгілерді халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне хаттаманы;
- (г) 2001 жылғы Вашингтон актісі редакциясындағы 1970 жылғы 19 маусымдағы Патенттік кооперация туралы шартты; және
- (х) 1977 жылғы 28 сәуірдегі Микроорганизмдерді патенттік рәсім мақсаттары үшін депонирлеуді халықаралық тану туралы Будапешт шартын қоса алғанда, қатысуышылары болып табылатын зияткерлік меншік құқықтары саласындағы қолданыстағы халықаралық шарттарда белгіленген өз міндеттемелерін растайды.

2. Тараптар 2001 жылы 14 қарашада ДСҰ-ның Министрлік конференциясында қабылданған ЗМҚСА келісімі және қоғамдық денсаулықты сақтау туралы Доха Декларациясында белгіленген қағидаттарды мойындайды.

7.4-бап Ұлттық режим

Әрбір Тарап басқа Тараптың тұлғаларына ЗМҚСА келісімінің 3 және 5-баптарында көзделген ережелер мен ерекшеліктерді ескере отырып, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауға қатысты өз тұлғаларына ұсынылатын режимнен қолайлығы кем емес режимді ұсынады.

7.5-бап Барынша қолайлыш режим

Әрбір Тарап басқа Тараптың тұлғаларына ЗМҚСА келісімінде көзделгендей, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауға қатысты кезкелген басқа мемлекеттің тұлғаларына ұсынылатын режимнен қолайлығы кем емес режимді ұсынады.

7.6-бап Авторлық құқық және сабактас құқықтар

Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық келісімдерде баяндалған міндеттемелерге зиянын тигізбей, әрбір Тарап өзінің зандарына және өзге нормативтік құқықтық актілерге сәйкес авторлардың, орындаушылардың, фонограмма жасаушылар мен эфирлік хабар тарату ұйымдарының, тиісінше эфирлік хабар тарату ұйымдарының туындыларына, орындаушылықтарына, фонограммаларына және бағдарламаларына қатысты құқықтарын баламалы және тиімді қорғауға кепілдік береді және қамтамасыз етеді.

7.7-бап Авторлық және сабактас құқықтарды қорғаудың техникалық құралдары

1

1. Әрбір Тарап авторлар, орындаушылар немесе фонограмма жасаушылар өздерінің құқықтарын жүзеге асыруға байланысты пайдаланатын тиімді техникалық шараларды айналып өтуге қарсы барабар құқықтық қорғауды және құқықтық қорғаудың тиімді құралдарын ұсынады.

2. Әрбір Тарап өзінің зандарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде туындыларға, орындаушылықтарға немесе фонограммаларға қатысты пайдаланылатын техникалық шараларды айналып өту немесе зымияндық мақсатта пайдаланылатын кез келген технологияны, кез келген техникалық құрылғыларды немесе олардың құрамбөліктерін әдейі жасап шығаруға, импорттауға, жария қолдануға құқықтық тыйымдарды белгілейді.

3. Осы бапқа қатысты кез келген ерекшеліктер зандарда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде рұқсат етілген жағдайда ғана және құқықтық қорғауға кедергі

келтірмейтін немесе техникалық шараларды айналып өтуге қарсы құқықтық қорғау құралдарының тиімділігін төмендетпейтін шамада ғана қолданылуы мүмкін.

¹Осы баптың мақсаттары үшін “қорғаудың техникалық құралдары” авторлар, орындаушылар немесе фонограмма жасаушылар пайдаланатын туындыларға, орындаушылықтарға және фонограммаларға қолжетімдікті бақылайтын кез-келген технологияларды, техникалық құрылғыларды немесе олардың компоненттерін білдіреді және құқық иеленушілермен немесе заңмен туындыларға, орындаушылықтарға немесе фонограммаларға қатысты тыйым салынған әрекеттердің жасалуын шектейді.

7.8-бап Құқықтарды басқару туралы ақпарат

Әрбір Тарап АҚШ-тың 12-бабына және ОФШ-тың 19-бабына сәйкес көзделген қандай да бір іс-қимылды әдейі жасаған немесе Берн конвенциясы, АҚШ немесе ОФШ реттейтін қандай да бір құқықты бұзуға алып келетінін, мүмкіндік беретінін, құқық бұзуды оңайлататынын немесе жасыратынын білуге ақылға қонымды негіздер бар азаматтық - құқықтық қорғау құралдарын қолданған жағдайда, кезкелген тұлғаға қарсы құқықтық қорғаудың барабар және тиімді құралдарын ұсынады.

7.9-бап Тауар белгілері

Әрбір Тарап өз зандарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және қатысуышы болып табылатын халықаралық келісімдерге және ЗМҚСА Келісіміне, атап айтқанда 15-21-баптарына сәйкес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты тауар белгілерінің барабар және тиімді құқықтық қорғалуын қамтамасыз етеді.

Тауар белгісіне айрықша құқық оларға қатысты тауар белгісі тіркелген, тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді дараландыру үшін, атап айтқанда тауар белгісін:

(a) тауарларда, оның ішінде тауар белгісі тіркелген аумақта өндірілетін, сатуға ұсынылатын, сатылатын немесе өзге тәсілмен азаматтық айналымға енгізілетін не осы мақсатта сақталатын немесе тасымалданатын, не тауар белгісі тіркелген Тарап аумағына әкелінетін тауарлардың зат белгілерінде, орамаларында;

(b) тауар белгісі тіркелген Тараптар аумағындағы көрмелерде және жәрмеңкелерде қаралу кезінде;

(c) қызметтер көрсету кезінде;

(d) тауарларды азаматтық айналымға енгізуге байланысты құжаттамада;

(e) тауарларды сату туралы, қызметтер көрсету туралы ұсыныстарда, сондай-ақ хабарламаларда, мандайшаларда және жарнамада; және

(f) "Интернет" желісінде және басқа жіберу тәсілдері кезінде тауар белгісін орналастыру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Әрбір Тарап тауар белгілеріне қатысты басқа Тараптың мүдделі тұлғаларына құқық иеленушінің рұқсатының дараландыру үшін тауар белгісі тіркелген тауарларға немесе біртекті тауарларға қатысты оның тауар белгісімен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін үқсас белгіленімдерді пайдаланудың нәтижесінде араласу ықтималдығы туындаса, мұндай пайдалануды болғызбауға мүмкіндік беретін құқықтық шараларды көздейді.

7.10-бап Жалпыға бірдей белгілі тауар белгілері

1. Тараптардың ешқайсысы тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану үшін талап ретінде осы тауар белгісінің Тараптың аумағында немесе басқа да юрисдикцияда заң тіркелуін талап ете алмайды.

2. Тараптар жалпыға бірдей белгілі тауар белгілерін кем дегенде ЗМҚСА келісімінің 16.2 және 16.3-баптарына және Париж конвенциясының 6bis-бабына сәйкес қорғауды қамтамасыз етеді.

7.11-бап Тауар белгілерін тіркеу

1. Әрбір Тарап:

(а) өтініш берушіге тауар белгісін тіркеуден бас тарту себептері туралы хабарламаны жазбаша нысанда беруді талап етуді қамтитын тауар белгілерін тіркеу жүйесін қамтамасыз етеді. Мұндай жазбаша хабарламалар электрондық түрде ұсынылуы мүмкін;

(б) дауласу рәсімдері туралы шешімдер дәлелді болуы және жазбаша нысанда берілуі тиістігі туралы талапты қамтитын тауар белгілерін тіркеу жүйесін қамтамасыз етеді. Мұндай жазбаша шешімдер электрондық түрде ұсынылуы мүмкін; және

(с) мүдделі тұлғалар үшін тауар белгісін тіркегеннен кейін оны тоқтату немесе оның құшін жою үшін өтініш беру мүмкіндігін қамтитын тауар белгілерін тіркеу жүйесін қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап:

(а) өтінімді электрондық түрде беру, оны өндеу, тауар белгілерін тіркеу және құшінде ұсташа жүйесіне рұқсат; және

(б) электрондық дерекқорларға, оның ішінде тауар белгілеріне өтінімдер бойынша және тіркелген тауар белгілері бойынша деректердің онлайн-базаларына ашық қолжетімділікті беруге ұмтылады.

7.12-бап Тауарлар шығарылған жерлердің географиялық сілтемелері мен атауы

Әрбір Тарап өз аумағында өзінің заңнамасына және ЗМҚСА келісіміне, атап айтқанда, 22 және 23-баптарға сәйкес Тауарлар шығарылған жерлердің географиялық

сілтемелерін мен атауларын баламалы және тиімді құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді.²

Екі Тарап та жоғарыда көрсетілген мәселе бойынша талқылауды жалғастыратын және одан әрі ынтымақтастықты дамытатын болады.

²Барынша түсінікті болу үшін, ЕАЭО және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің тауарлары шығарылған жерлердің атаулары Қытайда географиялық сілтемелер сияқты қорғалуға тиіс.

7.13-бап Патентке қабілеттілік

1. Осы баптың 2 және 3-тармақтарының ережелеріне сәйкес өнім түрінде және процесс түрінде де, кез келген технологиялық салалардағы кез келген өнертабыстарға қатысты, егер ол жаңа болса өнертабыстық деңгейі болса әрі өнеркәсіпте қолданылатын болса патент берілуі мүмкін.

2. Тараптардың әрқайсысы патенттелетін өнертабыс саласынан адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктерді қорғауды қоса алғанда, қоғамдық тәртіпті немесе моральды қорғау үшін немесе осындай алып тастау олардың зандарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде пайдаланылуға тыйым салынғандықтан ғана жасалмайтын жағдайда, қоршаған ортаға елеулі нұқсан келтірмеу үшін өз аумағы шегінде коммерциялық пайдалануды алып тастауы мүмкін.

3. Тараптардың әрқайсысы патенттелетіндесаласынанмыналарды:

(а) адамдарды немесе жануарларды диагностикалық, терапиялық және хирургиялық емдеу әдістерін; және

(б) микроорганизмдерден басқа, өсімдіктер мен жануарларды, сондай-ақ биологиялық емес және микробиологиялық процестерге қарағанда өзге, шын мәнінде өсімдіктер немесе жануарларды биологиялық өсіру тәсілдерін алып тастай алады.

4. Тараптардың әрқайсысы өтінім нысанасы компьютерлік бағдарламаны қамтиды деген негізben ғана патентке арналған кез келген өтінімнен бас тартылмауын қамтамасыз етеді. Техникалық шешімді қалыптастыратын компьютерлік бағдарламаларға жататын өнертабысқа арналған патенттік өтінімдер мұндай Тараптың зандарымен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес патентке қабілетті нысанаға қосылуы мүмкін.

7.14-бап Мәжбүрлеп лицензиялау

Осы Тараптың ешқандай ережелері әрбір Тараптың ЗМҚСА келісімінің 31 және 31bis-баптарына сәйкес мәжбүрлеп лицензиялар беру құқықтарын қозғамайды.

7.15-бап Өнертабыстар мен пайдалы модельдер

1. Әрбір Тарап өзінің заңдарымен өзге де нормативтік құқықтық актілерін, өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға және ЗМҚСА келісіміне, атап айтқанда, 27-34-баптарға сәйкес өнертабыстарға қатысты барабар және тиімді құқықтық қорғауды ұсынады.

2. Әрбір Тарап өзінің заңдарымен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес пайдалы модельдерге қатысты барабар және тиімді құқықтық қорғауды ұсынады.

7.16- бап Өнеркәсіптік үлгілер

Әрбір Тарап өзінің заңдарымен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдерге және ЗМҚСА Келісіміне, атап айтқанда, 25 және 26-баптарға сәйкес өнеркәсіптік үлгілерді барабар және тиімді құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді.

7.17- бап Пайдалануышының графикалық интерфейсі

Әрбір Тарап өзінің заңдарымен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес пайдалануышының графикалық интерфейсін өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғауды қамтамасыз етеді.

7.18-бап Патентке арналған электрондық өтінім

Әрбір Тарап патенттерге арналған өтінімдерді электрондық түрде беру мүмкіндігіне кепілдік беруге ұмытылатын болады.

7.19-бап Интегралдық микросхемалардың топологиялары

Әрбір Тарап өзінің заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдерге және ТРИПС Келісіміне, атап айтқанда, 35-38-баптарға сәйкес интегралдық микросхемалардың топологияларын барабар және тиімді құқықтық қорғауды ұсынады.

7.20-бап Генетикалық ресурстар, дәстүрлі білім мен фольклор

1. Тараптар генетикалық ресурстардың, дәстүрлі білім мен фольклордың ғылыми, мәдени және экономикалық дамуға қосатын үлесін мойындаиды.

2. Тараптардың әрқайсысының халықаралық міндеттемелерін және олардың заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін ескере отырып, Тараптар генетикалық ресурстарды, дәстүрлі білім мен фольклорды қорғау бойынша тиісті шараларды қабылдай алады.

3. Тараптар өздерінің тиісті заңнамасындағы және халықаралық келісімдердегі алдағы өзгерістерді ескере отырып, генетикалық ресурстарға, дәстүрлі білім мен фольклорға қатысты тиісті мәселелерді талқылауды жалғастыруға уағдаласты.

7.21-бап Өсімдіктердің жаңа сорттары

Тараптар ең болмағанда, 1978 жылғы 23 қазандығы жағдай бойынша Өсімдіктердің жаңа сорттарын қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға сәйкес ұсынылатын қорғау деңгейіне ұқсас деңгейде өсімдіктердің жаңа сорттарының селекционерлеріне қатысты барабар және тиімді қорғауды ұсынады.

2. Селекционердің рұқсаты қорғалатын сорттың көшеттік материалына қатысты кем дегенде мынадай әрекеттерді орындау үшін талап етіледі:

- (а) коммерциялық мақсаттар үшін өндіру немесе өсімін молайту (көбейту);
- (б) коммерциялық мақсатта көбейту үшін егу деңгейіне дейін жеткізу;
- (с) сатуға ұсыну;
- (д) сату немесе өткізудің басқа да түрлері; және
- (е) импорт немесе экспорт.

7.22-бап Жосықсыз бәсекелестіктен қорғау

Әрбір Тарап өзінің зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және Париж конвенциясының 10bis-бабына сәйкес жосықсыз бәсекелестіктен қорғауды қамтамасыз етеді.

7.23-бап Зияткерлік меншік объектілерін тіркеу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер

Тараптар өздерінің зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес зияткерлік меншік объектілерін тіркеу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

7.24-бап Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың сақталуын қамтамасыз ету

1. Тараптар өздерінің зандарымен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық келісімдерге сәйкес зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Тараптар құқық иеленушілерге зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың сақталуын қамтамасыз ету үшін азаматтық, әкімшілік және сот рәсімдеріне жүргіну мүмкіндігін ұсынады.

3. Тараптар цифрлық ортада зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың сақталуын қамтамасыз етуге үмтүлатын болады.

4. Тараптар зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың, атап айтқанда, авторлық және сабақтас құқықтардың, тауар белгілерінің, өнертабыстар мен пайдалы модельдердің сақталуын күшету мақсатында бір-бірімен ынтымақтасады.

7.25-бап Кедендік реттеу шаралары

Әрбір Тарап өзінің зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдерге сәйкес бұрмаланған тауар белгілері бар тауарларға³ және авторлық құқықтарды бұза отырып өндірілген тауарларға⁴ қатысты кедендік реттеу шараларының тиімді қолданылуын қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап бұрмаланған тауар белгілерін қамтиды немесе авторлық құқықтарды бұза отырып өндірілген деп пайымдауға негіздер бар тауарларды шығаруды тоқтата тұру рәсіміне бастамашылық жасау мақсатында құқық иеленушіге қажетті талаптар осы рәсімдерге жүгінуге негіzsіз кедергі келтірмейтініне кепілдік береді.

3. Әрбір Тарап, егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, бұрмаланған тауар белгілері бар немесе авторлық құқықтарды бұза отырып өндірілген тауарлардың импорты немесе экспорты жүзеге асырылатындығына негізді күмәні бар құқық иеленушіге осы тауарлардың импорты немесе экспорты тауарлар анықталған елдің зандарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес зияткерлік меншік құқықтарын бұзады деген шартпен зияткерлік меншік құқықтарын қорғау шараларын қолдану талабымен кеден органдарына өтініш беруге мүмкіндік беретін рәсімдерді белгілейді.

4. Әрбір Тарап құзыретті органдардың құқық иеленушіге тиісті тауардың декларантын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін, ең болмағанда, атаулары мен өзге де қосымша ақпарат бөлігінде деректерді беруін қамтамасыз етеді. Әрбір Тарап құзыретті органдардың, ең болмағанда, ұсталған тауардың декларантына құқық сәйкестендіруге идентификаттауға мүмкіндік беретін атаулары мен өзге де қосымша ақпарат бөлігінде деректерді беруін қамтамасыз етеді.

5. Тараптар осы баптың қолданылу аясынан коммерциялық емес сипаттағы тауарлардың импортын немесе экспортын алып тастай алады.

6. Тараптар шекарада зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды күшету мақсатында өздерінің кеден органдары арасындағы байланыстарды дамыту мақсатында бір-бірімен ынтымақтасады.

7. Тараптардың әрқайсысы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды бұзатын тауарлар саудасы туралы ақпараталмасу үшін байланыс пункттерін айқынрайдай. Тараптар, атап айтқанда, өздерінің кеден органдары арасында ақпарат алмасуға және ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

³Осы баптың мақсаттары үшін "бұрмаланған тауар белгілері бар тауарлар" – осындай тауарлар үшін занды түрде тіркелген тауар белгісімен бірдей немесе елеулі белгілері бойынша осыған ұқсас тауар белгісінен айырғысыз және соның салдарынан импорттаушы елдің зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес осы тауар белгісі иесінің құқықтарын бұзатын тауар белгісімен рұқсатсыз таңбаланған, олардың қаптамасын қоса алғанда, кез келген тауарлар.

⁴Осы баптың мақсаттары үшін "авторлық құқықтарды бұза отырып өндірілген тауарлар" – құқық иеленушінің немесе ол тауар өндірілетін елде тиісті түрде уәкілеттік берген тұлғаның келісімінсіз жасалған көшірмелер болып табылатын және егер аталған көшірмені жасау иморттаушы елдің зандары мен өзге де құқықтық актілеріне сәйкес авторлық құқықты немесе сабактас құқықты бұзу болып табылған жағдайда, қандай да бір бұйымнан тікелей немесе жанама дайындалған кез келген тауарлар.

7.26-бап Зияткерлік мешітік және инновациялар

1. Тараптар тиісті уәкілетті органдар немесе өзге де мұдделі мекемелер арасында ақпарат алмасу, кездесулер, мамандандырылған семинарлар ұйымдастыру, ғылым, технологиялар мен инновациялар саласындағы бірлескен жобалар жасау көмегімен осы Тараудың нысанасы бойынша өзара ынтымақтастықты терендетуге ұмтылатын болады. Осы мәселе бойынша өзара іс-қимыл Бірлескен комиссия арқылы жүзеге асырылады.

2. Осы бапта көрсетілген ынтымақтастық мынадай бағыттарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- (a) инновациялар саласындағы тиісті органдардың зияткерлік мешітік саласындағы саясаты туралы ақпарат алмасу;
- (b) оқу курсары мен бірлескен бағдарламалар;
- (c) ғылыми-техникалық білім тарату; және
- (d) Тараптардың консенсусы бойынша басқа да мәселелер.

7.27-бап Уәкілетті органдар, байланыс пункттері және ақпарат алмасу

1. Тараптар осы Тараудың қолданылуына талдау мен бақылауды орындау мақсатында байланыс пункттері ретінде әрекет ететін органдарды айқынрайды.

2. Тараптардың бірінің сұрау салуы бойынша, оның ішінде қолда бар ынтымақтастық нысандарына қосымша ретінде Тараптар:

- (a) Тараптар арасындағы ынтымақтастықты оңайлату әдістерін талқылайды;
- (b) осы Тарауға сәйкес рәсімдерді орындау үшін жауапты уәкілетті органдар және тиісті байланыс пункттері туралы бір-бірін хабардар етеді;

(с) байланыс пункттерінің кез келген өзгерістері туралы немесе олардың уәкілетті органдарының құрылымы мен өкілеттіктерінің елеулі өзгеріс туралы бір-біріне ақпарат береді;

(д) зияткерлік меншік және қоғамдық денсаулық жөнінде, сондай-ақ осы Тараптың қолданылуына байланысты өзге де мәселелер бойынша консультациялар өткізеді.

3. Тараптар тұтынушыны жаңылыстыратын, бірдей немесе қандайда бір тауар белгісімен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас домендік атауларды жосықсыз пайдалануды болғызбау мақсатында ұлттық домендік атауларды басқарудың анағұрлым тиімді жүйесін құруда жұмыс істеуге ұмтылатын болады.

4. Тараптар зияткерлік меншік құқықтарының жекелеген түрлеріне қатысты қорғауды ұсыну мәселелері бойынша келіссөздер бастауға келісуі мүмкін.

8-ТАРАУ БӘСЕКЕЛЕСТІК 8.1-бап Мақсаттары

1. Сауда қатынастарындағы адал бәсекелестіктің маңызын назарға ала отырып, Тараптар бәсекелестікке қарсы практикалардың жолын кесу, бәсекелестік саясаттарды іске асыру және осы Тарапта қамтылатын мәселелер бойынша ынтымақтастасу Тараптардың экономикалық тиімділігіне, нарықтардың тиісті жұмыс істеуіне және орнықты экономикалық дамуына ықпал ететінін мойындайды.

2. Тараптар арасындағы саудаға және инвестициялық ынтымақтастыққа ықпал ететін бәсекелестікке қарсы практикалардың алдын алу және жолын кесу мақсатында Тараптар өздерінің зандарымен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қажетті шаралар қабылдайды.

8.2-бап Бәсекелестік саласындағы құқық қолдану қағидаттары

1. Тараптардың әрқайсының бәсекелестік саласындағы құқық қолдану қызметі ұлттық қағидат бойынша кемсітушілікке жол бермейді.

2. Әрбір Тарап өзіне қатысты бәсекелестік саласындағы құқық қолдану қызметі жүзеге асырылатын тұлғаға өзін қорғау үшін ұстанымы мен дәлелдерін ұсынуға мүмкіндік берілуін қамтамасыз етеді.

3. Әрбір Тарап бәсекелестік саласындағы заннаманың бұзылуы туралы шешім қабылданған тұлғаға қатысты осы Тараптың зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген рәсімдер арқылы осы шешімге шағымдануға мүмкіндік берілуін қамтамасыз етеді.

8.3-бап Транспаренттілік

Әрбір Тарап, оның ішінде, уәкілетті органдардың "Интернет" желісіндегі ресми веб-сайттарында бәсекелестік саласындағы құқық қолдануды жүзеге асыру рәсімдерін

қоса алғанда, бәсекелестік саласындағы өздерінің заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ тиісті уәкілетті органдардың қорытынды шешімдері туралы ақпаратты жариялайды.

2. Әрбір Тарап бәсекелестік саласындағы заңнаманың бұзылуы туралы істер бойынша барлық қорытынды шешімдердің жазбаша нысанда баяндалуын, солардың негізінде шешімдер қабылданған тиісті фактілер мен заңдық негізdemelerdің қамтылуын қамтамасыз етеді.

8.4-бап Бәсекелестікке қарсы практикалар

1. Тараптар мынадай бәсекелестікке қарсы практикалар осы Келісімді тиісінше іске асыруымен үйлеспейді деп уағдаласты:

- (a) мақсаты немесе нәтижесі бәсекелестікке жол бермеу, оны шектеу және/немесе жою болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы бәсекелестікке қарсы келісімдер және келісілген әрекеттер;
- (b) үстем жағдайды теріс пайдалану; немесе
- (c) жосықсыз бәсекелестік.

2. Әрбір Тарап өзінің заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес осындай Тараптың аумақтарында бәсекелестікті қорғау мен дамыту үшін қажетті шамада шаруашылық жүргізуші субъектілердің шоғырлануына тиімді бақылауды қамтамасыз етеді.

8.5-бап Үнтимақтастық

1. Тараптар бәсекелестік саласындағы тиімді құқық қолдану мақсатында ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындайды. Тараптар өздерінің заңнамасына және маңызды мұдделеріне сәйкес келетін нысанда, сондай-ақ қажетті ресурстардың бар болуына сүйене отырып, ынтымақтастық жасауға уағдаласты.

2. Үнтымақтастық ақпарат алмасуды, консультацияларды, осы баптың З-тармағында көзделген бәсекелестік саласындағы құқық қолдану қызметін жүзеге асыру кезіндегі ынтымақтастықты және әрбір Тараптың бәсекелестік саясат пен бәсекелестік саласындағы құқық қолдану саласындағы әлеуетін нығайту мақсатындағы білім беру бағдарламаларын, семинарларды, бірлескен зерттеулер мен ынтымақтастықтың басқа да нысандарын қамтитын техникалық ынтымақтастықты қамтиды.

3. Егер Тарап екінші Тараптың аумағында бәсекелестікке қарсы практикалар оның мұдделерін қозғады деп есептеген жағдайда, ол екінші Тараптан бәсекелестік саласындағы құқық қолдану мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы сұрата алады. Сұрау салынатын Тарап сұрау салуды мұқият қарайды және өзінің заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бәсекелестік саласындағы құқық қолдану қызметіне бастамашылық жасау мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды, сұрау салушы

Тарапқа қарау нәтижелері, сондай-ақ, егер оған бастамашылық жасалған жағдайда, бәсекелестік саласындағы құқық қолдану қызметінің нәтижелері туралы ақпарат береді.

4. Бір Тарап осы Тараптың мақсаттары үшін екінші Тарапқа ақпарат берген жағдайда, мұндай Тарап осындай ақпаратты тек қана осы мақсаттар үшін пайдаланады және осындай ақпаратты беретін Тараптың келісімінсіз өзге тұлғаларға және/немесе үшінші елдерге ашылмауға немесе берілмеуге тиіс. Осы Тараптың ережелеріне қарамастан, Тараптардың ешқайсысы, егер өзінің тиісті зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінде осындай ақпаратты беруге тыйым салынған жағдайда, екінші Тарапқа ақпаратты беруге міндетті емес.

8.6-бап Консультациялар

1. Тараптар арасындағы өзара түсіністікті нығайту мақсатында және/немесе осы Тараптың іске асыру барысында туындастын белгілі бір мәселелерді шешу мақсатында әрбір Тарап консультациялар өткізуі қаралудың алды. Консультациялар өткізу туралы сұрау салу осы Келісімнің 12.2-бабына сәйкес құрылған екінші Тараптың байланыс пунктіне жіберілуге тиіс. Мұндай консультациялар Тараптардың әрқайсысының өзінің тиісті зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін қолдануды қамтамасыз ету құқығын шектемейді.

2. Осы бапқа сәйкес өткізілетін консультациялар кезінде сұрау салынатын Тарап консультациялардың нысанасы болып табылатын мәселенің тиісті аспектілерінің ақылға қонымды мерзімде неғұрлым толық әрі жан-жақты қаралуын қамтамасыз етеді. Екі Тарап та консультацияларды сындарлы өткізуге ұмтылады.

8.7-бап Бәсекелестік саласындағы құқық қолданудағы тәуелсіздік

Осы Тарап әрбір Тараптың өзінің бәсекелестік саласындағы тиісті заннамасын қолданудағы тәуелсіздігін шектемейді.

9-ТАРАУ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ 9.1-бап Мақсаттары

Тараптар өздерінің тиісті экономикалары үшін мемлекеттік сатып алушың маңыздылығын мойындауды және транспаренттілікті арттыру мақсатында тиісті зандар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер туралы, электрондық сатып алу туралы ақпарат алмасу және электрондық сатып алу бойынша тәжірибе алмасу саласындағы ынтымактастықты нығайтуға келісті.

9.2-бап Транспаренттілік

Тараптар "Интернет"⁵ желісінде өздерінің зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін, жалпыға ортақ қолданылатын әкімшілік шешімдерді және өзіне

қатысты осы Келісімнің 1.11-бабының ережелері қолданылатын құпия ақпаратты қоспағанда, сатып алуды өткізу туралы хабарламаны, сатып алу туралы құжаттаманы және тендерлердің нәтижелерін қоса алғанда, мемлекеттік сатып алу саласындағы өздерінің зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тендерлер туралы ақпаратты жариялады. Тараптар бұл іс жүзінде жүзеге асырылатын жағдайларда мұндай ақпарат көздеріне жария қолжеткізуді қамтамасыз етеді. Тараптар бұл іс жүзінде жүзеге асырылатын жағдайларда тиісті зандар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді, жалпыға ортақ қолданылатын әкімшілік шешімдерді олар күшіне енгенге дейін немесе сол күні "Интернет"⁶ желісінде жариялады.

⁵Армения Республикасы үшін www.procurement.am ресми Веб-сайтында
Беларусь Республикасы үшін www.icetrade.by; www.pravo.by; www.zakupki.butb.by;
www.goszakupki.by; www.butb.butb ресми Веб-сайттарында

Қазақстан Республикасы үшін www.goszakup.gov.kz;
www.adilet.zan.kz ресми Веб-сайттарында

Қыргыз Республикасы үшін www.zakupki.gov.kg ресми Веб-сайтында

Ресей Федерациясы үшін www.zakupki.gov.ru; www.pravo.gov.ru;
www.sberbank-ast.ru; www.etp.roseltorg.ru; www.etp.zakazrf.ru; www.rts-tender.ru;
www.etp-micex.ru ресми Веб-сайттарында

Қытай Халық Республикасы үшін www.cccgp.gov спресми Веб-сайтында

Жоғарыда көрсетілген Веб-сайттардың кез келген өзгерісі жағдайында тиісті Тарап екінші Тарапты байланыс пункттері арқылы осындай өзгеріс туралы хабардар етеді.

⁶Армения Республикасы үшін www.procurement.am ресми Веб-сайтында

Беларусь Республикасы үшін www.icetrade.by; www.pravo.by; www.zakupki.butb.butb;
www.goszakupki.butb.butb ресми Веб-сайттарында

Қазақстан Республикасы үшін www.goszakup.gov.kz; www.adilet.zan.kz ресми
Веб-сайттарында

Қыргыз Республикасы үшін www.zakupki.gov.kg ресми Веб-сайтында

Ресей Федерациясы үшін www.zakupki.gov.ru; www.pravo.gov.ru;
www.sberbank-ast.ru; www.etp.roseltorg.ru; www.etp.zakazrf.ru; www.rts-tender.ru;
www.etp-micex.ru ресми Веб-сайттарында

Қытай Халық Республикасы үшін www.cccgp.gov спресми Веб-сайтында

Жоғарыда көрсетілген Веб-сайттардың кез келген өзгерісі жағдайында тиісті Тарап екінші Тарапты байланыс пункттері арқылы осындай өзгеріс туралы хабардар етеді.

9.3-бап Байланыс пункттері

Әрбір Тарап осы Тараудың мақсаттары үшін байланыс пунктін айқындайды. Байланыс пункттері осы Тарауды іске асыруға жәрдемдесу мақсатында ынтымақтасуға тиіс.

10-ТАРАУ САЛАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ 10.1-бап Мақсаттары

Мыналар осы Тараудың мақсаттары болып табылады:

- (а) Тараптар арасындағы салалық ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды өзара тиімді дамыту;
- (б) инновациялық қызметке жәрдемдесу;
- (с) Тараптар экономикаларының инвестициялық тартымдылығымен бәсекеге қабілеттілігін арттыру; және
- (д) сауда мен инвестициялар саласында орнықты дамуды және ынтымақтастықты алға жылжыту.

2. Үнтымақтастық мынадай қағидаттарға негізделеді: Тараптардың тең құқықтылығы мен ұлттық мұдделерінің ескерілуі, өзара тиімділік, адаптациялар мен өзгерістерге қарастырылған көзқарастылық, әртүрлі транспорттілік және транспортировка.

3. Тараптар салалық ынтымақтастықты ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің және Қытайдың осы саладағы қолданыстағы немесе жоспарланып отырған екіжақты ынтымақтастық бастамаларына нұқсан келтірмей, өздерінің экономиканың әртүрлі салаларын дамыту стратегиялары мен бағдарламаларын ескере отырып дамытады.

10.2-бап Салалық ынтымақтастықтың салалары мен бағыттары

Тараптар ауыл шаруашылығы, энергетика, көлік, өнеркәсіптік коопeração, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым, технологиялар мен инновациялар, қаржы және қоршаған орта саласындағы ынтымақтастықты дамытуға уағдаласты.

2. Тараптар ынтымақтастығының тиісті бағыттары мыналарды қамтиды:

(а) жоғары технологиялық, инновациялық, экспортқа бағдарлаған өнімді бірлесіп өндіруді дамыту мақсатында Тараптардың өнеркәсіптік, көлік-логистикалық, ауыл шаруашылығы және өзге де инфрақұрылымдарын дамытуға және жаңғыртуға инвестициялар тарту;

(б) Тараптардың ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы, сондай-ақ Тараптардың өнеркәсіптік және инновациялық инфрақұрылымына қатысты бөліктегі инновациялар саласындағы өзара іс-қимылышының тиімді тетіктерін құруға және дамытуға жәрдемдесу;

(с) озық технологиялар мен инновациялар трансфер;

(д) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту мен пайдалану;

(е) көлік дәліздерін дамыту, оның ішінде көлік инфрақұрылымының объектілерін құру және жаңғырту, көлік байланыстарын жетілдіру;

(f) қоршаган ортаны қорғау және "жасыл өсу" саласындағы ынтымақтастықты алға жылжыту; және

(g) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің және Қытайдың қаржылық реттеушілері арасындағы ынтымақтастықты қолдау.

10.3-бап Үнтымақтастықты жүзеге асыру нысандары

Тараптар ынтымақтастықты:

(а) ақпарат алмасу және консультациялар өткізу, сондай-ақ Тараптардың іскерлік қоғамдастығын ақпараттық қолдау;

(b) салалық ынтымақтастыққа қатысты мәселелерді талқылауға арналған бірлескен форумдар, бірлескен көрме-жәрмеңке іс-шараларын, халықаралық семинарлар мен ғылыми конференциялар өткізу;

(c) экономикалық реформаларды және экономикадағы құрылымдық өзгерістерді іске асыруға байланысты мәселелер бойынша тәжірибе алмасу, Тараптардың инновациялық қызметін ынталандыру және өнеркәсібін дамыту;

(d) жаһандық экономикалық дағдарыстардың салдарына қарсы іс-қимыл жасау бойынша бірлескен ұсыныстар тұжырымдау;

(e) салалық ынтымақтастық саласындағы бірлескен мұдде жобаларын қоса алғанда, өзара мұдде мәселелері бойынша халықаралық және ұлттық қаржы институттарының ресурстарын тарту мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау; және

(f) Тараптардың іскерлік қоғамдастығының арасында диалог пен коммуникация орнатуға жәрдемдесу; және

(g) осы Тарауда қамтылатын мәселелер бойынша мамандар даярлау жөнінде тәжірибе алмасу арқылы нағайтуға уағдаласты.

10.4-бап Кіші комитеттер және *ad hoc* жұмыс топтары

Тараптар Бірлескен комиссия шеңберінде осы Тарау қамтитын мәселелер бойынша Тараптардың ынтымақтастығын ілгерілету мақсатында кіші комитеттер немесе *ad hoc* жұмыс топтарын құру туралы мәселелерді қарастыруы мүмкін.

Мұндай кіші комитеттерді немесе *ad hoc* жұмыс топтарын құру және өкілдік деңгейіне қатысты мәселелер Тараптардың тиісті органдарымен дербес келісіледі.

Кіші комитеттер мен *ad hoc* жұмыс топтары тиісті секторлардағы ынтымақтастық бойынша жоспарлар мен бастамаларды әзірлең, және қабылдауы немесе оларды Бірлескен комиссияның қарауына ұсынуы мүмкін.

11-ТАРАУ ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА 11.1-бап Қамту және жалпы ережелер

1. Тараптар өзарасындағы өзара сауданың өсуіне оң ықпал ететін және сауданың барлық қатысушыларына пайданы қамтамасыз ететін электрондық сауданың қарқынды және инновациялық сипатын мойындайды.

2. Осы Тараптың мақсаты электрондық саудадағы ынтымақтастық пен артық тосқауылдарды болдырмаудың маңыздылығын ескере отырып, электрондық сауданы дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

11.2-бап Анықтамалар

Осы Тараптың мақсаттары үшін:

(а) “дербес ақпарат” – анықталған немесе анықталатын (тікелей немесе жанама) жеке тұлғаға қатысты кез келген ақпарат;

(б) “электрондық құжат” – ақпарат электрондық нысанда ұсынылған және электрондық (цифрлық) қолтаңба арқылы қол қойылуы мүмкін құжат.

11.3-бап Электрондық аутентификация

Тараптар электрондық аутентификация әдістерін өзара тану бағытында жұмыс істейтін болады. Тараптар электрондық аутентификация әдістерін өзара тану процесін жылдамдату үшін ынтымақтасады және деректердің толық қорғалуын және анықтығын қамтамасыз ететін үздік практикалармен бөліседі.

11.4-бап Электрондық құжаттарды пайдалану

1. Тараптар сыртқы сауда мәмілелеріне жататын құжаттардың электрондық (цифрлық) қолтаңба арқылы қол қойылған электрондық құжаттар нысанында Тараптардың уәкілетті органдарына ұсынылу мүмкіндігін қамтамасыз етуге ұмтылады.

2. Тараптардың ешқайсысы сыртқы сауда мәмілелеріне жататын және электрондық (цифрлық) қолтаңба арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанында орындалған құжаттардың түпнұсқалылығын қағаз түрінде ұсыну арқылы растау талабын қамтитын шараларды қабылдай немесе құшінде сақтай алмайды.

11.5-бап Электрондық сауда саласындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау

1. Тараптар электрондық сауда саласындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғауды кемінде сауданың басқа да нысандарында қолданылатын қорғау деңгейінде қамтамасыз етуге ұмтылады.

2. Тараптар тұтынушыларға зиян келтіретін немесе қауіп төндіретін алаяқтық коммерциялық қызметті болдырмау үшін саясаттарына, зандарына және өзге де

нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес шараларды қабылдайды немесе оларды қүшінде сақтайды.

3. Тараптар электрондық сауда шенберінде тұтынушылардың қауіпсіздікке, адал іскерлік практикаға және өнім туралы анық ақпаратқа құқықтарының маңыздылығын мойындайды.

4. Тараптар электрондық сауданың маңызды аспектілері мен тәуекелдері бойынша материалдарды, сондай-ақ қауіпсіз және тиімді тұтыну модельдерін ілгерілетуге бағытталған өзге де ақпаратты жасай алады және жария ақпараттық ресурстарға орналастыра алды. Тараптар расталмаған деректер негізінде кері қайтарылған өнімдердің, сапасыз, қауіпті өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің, жосықсыз дайындаушылардың, сатушылардың, делдалдардың, өнім берушілердің немесе сапасыз және қауіпті тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді орындаушылардың тізілімін қамтитын ұлттық немесе трансшекаралық ақпараттық жүйелерді құрамайды.

5. Осы бапта көрсетілген шараларды әзірлеу және енгізілуі мен қолданылуын мониторингтеу мақсатында, сондай-ақ электрондық сауда саласындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ақпарат алмасу мақсатында Тараптар тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органдардың өкілдерінен тұратын байланыс топтарын құруға міндеттенеді.

11.6-бап Дербес ақпаратты қорғау

1. Электрондық саудада дербес ақпаратты қорғаудың маңыздылығын мойындай отырып, Тараптар өз зандарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес дербес ақпараттың толыққанды қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдайды.

2. Тараптар жеке тұлғадан оның дербес ақпаратын трансшекаралық беру айқын түрде білдірген келісімін алуды қамтамасыз етуге ұмтылады.

3. Дербес ақпараттың жекелеген санаттары үшін қорғауды ұсынбайтын Тарап екінші Тараптан осындаі санаттағы дербес ақпаратты ұсынуды, сондай-ақ оларға қатысты қорғау шараларын қолдануды талап ете алмайды.

11.7-бап Үнтымақтастық

1. Электрондық сауданың жаһандық сипатын мойындай отырып, Тараптар:

(а) заңнама және құқық қолдану мәселелері бойынша ақпарат және тәжірибе алмасуға, сондай-ақ Тараптардың уәкілетті органдарының өзара іс-қимылын орнатуға, оның ішінде:

- (i) дербес ақпаратты қорғау;
- (ii) тұтынушылардың құқықтарын қорғау;
- (iii) сұрау салынбайтын коммерциялық электрондық хабарламалар; және

- (iv) электрондық аутентификация мәселелері бойынша;
- (b) электрондық сауданы жеңілдететін технологияларды әзірлеуді және пайдалануды ынталандыруға;
- (c) электрондық сауда саласындағы жеке секторда өзін-өзі реттеу шараларын қабылдауды ынталандыруға;
- (d) электрондық сауда және оны ғылыми зерттеулерде пайдалану туралы статистикалық ақпаратты жинау бойынша тәсілдерді қалыптастыру жөніндегі ынтымақтастыққа; және
- (e) Тараптардың мемлекеттік құрылымдары мен жеке сектор өкілдерінің арасында семинарлар және сараптамалық диалогтар үйымдастыруға ұмтылады.

2. Тараптар Электрондық сауда жөніндегі кіші комитетті құру және осы Келісімнің 12.2-бабына сәйкес құрылатын байланыс пункттері арқылы бір-бірін хабардар ету мүмкіндігін қарастырады.

11.8-бап Транспаренттілік

Әрбір Тарап осы Тарапудың нысанасына жататын немесе оның қолданылуына әсер ететін өз саясаты, зандары және өзге де нормативтік құқықтық актілері оларды күшіне енгенге дейін ресми веб-сайттарда жариялады.

12-ТАРАУ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР 12.1-бап Бірлескен комиссия

1. Тараптар осымен бірі ЕАЭО-дан және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының мүшесі ұсынған ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерден, екіншісі – министрдің немесе оның уәкілетті өкілдерінің деңгейінде ұсынылған Қытай Үкіметінен– екі өкілдің төрағалық етуімен Бірлескен комиссияны құрады. Тараптардың мүддесін осы мақсат үшін ресми тағайындалған аға лауазымды адамдар білдіреді.

- 2. Бірлескен комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:
 - (a) осы Келісім реттейтін кез келген мәселені қарау;
 - (b) Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге байланысты кезкелген басқа мәселені қарау;
 - (c) егер Тараптар осындағы кіші комитеттерді құру туралы өзара уағдаласқан болса, осы Келісімде көзделген жағдайларда кіші комитеттердің жұмысын бақылау;
 - (d) Тараптар үшін ұсынымдар қабылдау мақсатында кіші комитеттердің осы Келісімге өзгерістер енгізу үшін берген кез келген ұсынысын қарау;
 - (e) осы Келісімнің мақсаттарына сәйкес Тараптар арасындағы сауданы одан әрі дамыту және кеңейту бойынша мүмкіндіктерді зерделеу; және
 - (f) Тараптар оның қарауына берген мәселелер бойынша консультациялар өткізуге және өзара тиімді шешімдер табуға мүмкіндік беретін рәсімдерді құру.
- 3. Бірлескен комиссия:

(а) қажет болған жағдайда кіші комитеттерді немесе *ad hoc* жұмыс топтарын құра алады және қандайда бір кіші комитетке немесе *ad hoc* жұмыс тобына мәселені қарауға бере алады;

(б) Комиссияның өз функцияларын орындаудың ықпал ете алған жағдайларда сарапшылардың пікірін сұрата алады;

(с) Тараптар Бірлескен комиссияның қарауына берген, осы Келісімнің іске асырылуына байланысты кез келген мәселелерді шешуге ұмтыла алады; және

(д) Тараптардың келісімі бойынша өз функцияларын орындау үшін өзге де іс-қимылдарды қабылдай алады.

4. Бірлескен комиссия рәсімдерінің қағидалары осы Келісімге 1-қосымшада белгіленген.

5. Бірлескен комиссия өз функциялары шеңберінде кез келген мәселе бойынша ұсынымдар қабылдайды. Ол сондай-ақ осы баптың 4-тармағына сәйкес рәсімдер қағидаларында қамтылған мәселелер бойынша шешімдері қабылдай алады. Бірлескен комиссияның шешімдері, ұсынымдары және өзге де іс-қимылдарын консенсус қабылдайды. Тараптар Бірлескен комиссияның ұсынымдарын тиісті түрде орындау үшін барлық қажетті іс-қимылдарды жасауға ұмтылатын болады.

12.2-бап Байланыс пункттері

Әрбір Тарап осы бапқа, сондай-ақ осы Келісімнің басқа да баптарына сәйкес осы Келісімде реттелетін кез келген мәселе бойынша екінші Тараппен және Бірлескен комиссиямен коммуникацияға жауапты байланыс пункттерін белгілейді. Әрбір Тарап ішкі рәсімдерге сәйкес өз байланыс пункттерін белгілейді және осындай белгілеу туралы басқа Тарапқа осы Келісім күшіне енген күннен бастап 90 күн ішінде хабарлайды.

13-ТАРАУ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР 13.1-бап Қосымшалар

Осы Келісімге қосымшалар оның ажырамас бөлігін құрайды.

13.2-бап Қосылу

1. ЕАЭО-ға мүше жаңа мемлекет осы Келісімнің тараптары мен ЕАЭО-ға мүше осындай жаңа мемлекет арасындағы оның осы Келісімге қосылуы жөніндегі келіссөздер арқылы қол жеткізілген Тараптар уағдалыстыры бойынша осы Келісімге қосылады. Ұқсас қосылу осы Келісімге қосымша хаттаманы жасасу арқылы жүзеге асырылады.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия кез келген мемлекеттің ЕАЭО-ға кірге кандидат мәртебесін алуы жөнінде немесе ЕАЭО-ға қосылудың аяқталуы жөнінде осы

Келісімнің 12.2-бабына сәйкес құрылған байланыс пункттері арқылы Қытайға жазбаша нысанда дереу хабарлайды.

13.3-бап Қүшіне енуі

Осы Келісім ЕАЭО, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер және Қытай осы Келісімнің қүшіне енуі үшін қажетті тиісті ішкі құқықтық рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен кейін 60-шы күні қүшіне енеді. Ұқсас хабарламаларды алмасу Еуразиялық экономикалық комиссия мен Қытай арасында жүргізіледі.

13.4-бап Өзгерістер енгізу

1. Тараптар осы Келісімге өзара жазбаша келісу бойынша қосымша хаттама жасасу арқылы өзгерістер енгізе алады. Барлық өзгерістер осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Кез келген өзгеріс осы Келісімнің қүшіне ену рәсіміне сәйкес қүшіне енеді.

2. Егер осы Келісімнің құрамына енгізілген ДСҰ келісімінің ережесіне өзгерістер енгізілсе, Тараптар осы Келісімге тиісті өзгерістер енгізу қажеттілігі мәселесі бойынша консультациялар өткізеді.

13.5-бап Шығу және қолданылуын тоқтату

1. ЕАЭО Қытайды жазбаша хабардар ету арқылы осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады, ал Қытай ЕАЭО-ны жазбаша хабардар ету арқылы осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Осы Келісім осындай хабардар ету күнінен кейінгі 180-ші күні өзінің қолданылуын тоқтатады.

2. ЕАЭО-ғы мүшелігін тоқтатуға ниеті бар кез келген ЕАЭО-ға мүше мемлекет ЕАЭО-дан шыққан күнінен бастап осы Келісімнің тарапы *ipso facto* болып табылмайды

3. ЕАЭО және осы баптың 2-тармағында көрсетілген ЕАЭО-ға мүше мемлекет Қытайға дереу дипломатиялық арналар арқылы хабарлама жібереді, онда ЕАЭО-дан шығу үшін ЕАЭО туралы шартта көзделген 12 айлық кезеңге сәйкес белгіленген ЕАЭО-дан шығудың нақты күні көрсетіледі. ЕАЭО-дан және ЕАЭО-ға мүше осындай мемлекеттен тиісті хабарламаны алғаннан кейін Қытай дипломатиялық арналар арқылы жоғарыда аталған хабарламаны алғанын раставиды, онда ЕАЭО-дан және осы Келісімнен шығу күні көрсетіледі.

4. Егер ЕАЭО туралы шартқа ЕАЭО-дан шығуға қатысты бөлікте қандайда бір өзгеріс енгізілсе, осы Келісімнің Тараптары осы Келісімге тиісті өзгерістер енгізуін орындылығын айқындау мақсатында консультациялар өткізеді.

5. Егер ЕАЭО-ға мүше мемлекет осы баптың 2-тармағына және 3-тармағына сәйкес осы Келісімнен шығатын болса, осы Келісім ЕАЭО-ға, ЕАЭО-ға мүше қалған мемлекеттерге қатысты өзі қолданысын жалғастырады.

ОСЫНЫ РАСТАУ ҮШІН тәмендегі қол қоюшылар осыған барлық қажетті өкілеттіктерге ие бола отырып, осы Келісімге қол қойды.

армян, белорус, қытай, ағылшын, қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада **ЖАСАЛДЫ**, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Алшақтықтар туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.

Қытай Халық Республикасы үшін

Армения Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Еуразиялық экономикалық одақ үшін

1-ҚОСЫМША БІРЛЕСКЕН КОМИССИЯНЫҢ РӘСІМДЕРІ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС ПУНКТТЕРІН БЕЛГІЛЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Өкілдер туралы хабарламалар

1. Әрбір Тараптан Бірлескен комиссияның тең төрағасын тағайындау туралы және Бірлескен комиссиядағы әрбір Тараптан өкілдер туралы хабарлама осы Келісім күшінен өткізу 90 күннің ішінде жіберіледі. Тарап Бірлескен комиссияға өзге өкілдердің тағайындағы алды және ол жөнінде Бірлескен комиссияның келесі отырысына дейін 30 күн қалғаннан кешіктірмей хабардар етеді.

Кезекті және өзге де отырыстар

2. Бірлескен комиссия отырыстар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бірінде және Қытайда кезек-кезек кем дегенде жыл сайын өткізеді. Өзге отырыстар өзара келісу бойынша Тараптардың бірінің сұрау салуы бойынша өткізілуі мүмкін.

Отырыстарды өткізу күні және орны

3. Егер Бірлескен комиссия өзгеше шешім қабылдамаса, Бірлескен комиссия әрбір отырыста өзінің келесі отырысының күнімен орнын белгілейді.

Шақыру

4. Қабылдаушы Тарап осы Келісімнің басқа Тарапын кезекті отырыс жағдайында 60 күн қалғаннан кешіктірмей және мүмкіндігінше, кезектен тыс отырыстар жағдайында 30 күн қалғаннан кешіктірмей отырыстың күні, орны және алдын ала күн тәртібі туралы хабардар етуге ұмтылатын болады.

Алдын ала күн тәртібі

5. Қабылдаушы Тарап Бірлескен комиссия отырыстарының алдын ала күн тәртібін дайындайды.

6. Бірлескен комиссияның кезекті отырысының алдын ала күн тәртібінде:

(а) Бірлескен комиссияның өткен отырыстары кезінде оның шешімі бойынша оған қосылған барлық мәселелер;

(б) осы Келісімнің Тараптары ұсынған барлық мәселелер қамтылады.

Күн тәртібін бекіту

7. Бірлескен комиссия әрбір отырыстың басында отырыстың күн тәртібін бекітеді.

Өзгерістер және жаңа тармақтар

8. Егер ол жөнінде шешім консенсуспен қабылданған болса, Бірлескен комиссия өзінің отырыс барысында күн тәртібіне түзетулер енгізе алады, тармақтарды алып тастай алады немесе қоса алады.

Бірлескен комиссияға құжаттар беру

9. Хабарламалар өтініштер және өзге де құжаттар Бірлескен комиссияға жазбаша нысанда беріледі.

Жұмыс тілдері

10. Бірлескен комиссияның жұмыс тілі ағылшын тілі болып табылады.

11. Бірлескен комиссияға жіберілетін барлық хабарламалар, сұрау салулар және өзге де құжаттар ағылшын тілінде немесе ағылшын тіліне тиісті аудармасы қоса беріле отырып, қытай немесе орыс тілдерінде орындалады.

12. Бірлескен комиссияның отырыстары барысында Бірлескен комиссияға қатысты жасалған барлық ауызша өтініштер ағылшын тілінде немесе ағылшын тіліне тиісті аудармасы қоса беріле отырып, қытай немесе орыс тілінде орындалады. Ауызша өтініштерді аудару құнын тиісті өтінішті жасаушы Тарап өтейді.

Байланыс пункттері

13. Қытай тарапынан осы Келісімнің 12.2-бабына сәйкес байланыс пункттерін белгілеу туралы хабарлама Еуразиялық экономикалық комиссияға беріледі, ал ЕАЭО және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер тарапынан байланыс пункттерін белгілеу туралы хабарламаны Еуразиялық экономикалық комиссия Қытай Үкіметіне береді.

Корытынды ережелер

14. Егер жоғарыда көрсетілген ережелерде көзделген мерзімдер болжанбаған мән-жайларға байланысты сақталмаса жоғарыда көрсетілген ережелерге қарамастан, Тараптар белгіленген мерзімді кейінге қалдыра алады немесе консультациялар арқылы өзге мерзім жөнінде уағдаласа алады.